

**«Павлодар қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі
КГУ «Централизованная библиотечная система города Павлодара»
Отдел информационно-библиографического обслуживания**



**Павлодар облысында 2024 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер**

**Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2024 год**

**Павлодар
2023**

**«Павлодар қадасының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі
КГУ «Централизованная библиотечная система города Павлодара»
Отдел информационно-библиографического обслуживания**



*Павлодар облысында 2024 жылы аталып өтілетін
және еске алынатын күндер*

*Знаменательные и памятные даты
Павлодарской области на 2024 год*

Павлодар
2023

Павлодар облысында 2024 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер
- Павлодар, 2023.

Құрастырған / составитель: Г. Қ. Ахметова
Редактор: Ж. М. Тоқатова

Алғы сөз

Сіздің қолыңызда күнтізбенің кезекті басылымы. Жыл сайын ОҚК-ның ақпараттық-библиографиялық бөлімі «Павлодар облысында 2024 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» / «Знаменательные и памятные даты Павлодарской области на 2024 год» ұсыным көрсеткішін шығарады.

Күнтізбе дәстүрлерінің бірі – кезекті жылдың басты тақырыбын белгілеу. Аталмыш басылымға арналған осындай тақырыптар:

Шоң би Едігеұлының 270 жылдығы; жазушы **А. Сорокиннің**, фотограф-өлкетанушы **Д.П. Багаевтың**, жазушы-этнограф **А.Е. Новоселовтың** 140 жылдығы; ақын **С. Дөнентаевтың** 130 жылдығы;

ғалым **Ә. Марғұланның**, **Б. Кенжебаевтың** 120 жылдығы;

актер және кинорежиссер **Ш.Аймановтың**; Даңқ ордендерінің толық иегері және Павлодар қаласының құрметті азаматы **Г.У. Ткачевтың**, ғалым **Ж.Т. Жиенбаевтың**, актер **Ж.Тұрсыновтың** 110 жылдығы;

ғалым **Х.А. Арғынбаевтың**, суретші **Н. Нұрмұхамедовтың**, суырып салма ақын **Қ. Нығмановтың**, ақын **М. Жаманбалиновтың** 100 жылдығы;

Нағымбек Нұрмұхаммедов атындағы Павлодар облыстық **көркемсурет музейінің** құрылғанына 60 жыл;

М. Жаманбалинов атындағы орталық балалар кітапханасы ашылуының 60 жылдығы.

Басылымның басты мақсаты: кәсіби мамандар мен оқырмандардың барлық санатына, білімнің барлық салалары бойынша, қоғамдық және саяси өмір, қоғамдық ғылымдар мен кітапханалық іс бойынша барынша нақты сараланған ақпарат ұсыну. Оның көмегімен кітапханаларда, мектептерде, клубтар мен өзге де мәдениет мекемелерінде түрлі іс-шаралар өткізуді жоспарлау ыңғайлы болады.

«Күнтізбе...» отандық және әлем тарихын еске алуға мүмкіндік береді, қазақстандық және әлемге танымал әдебиет, өнер, ғылым мен техниканың ірі қайраткерлері туралы баяндайды.

Көрсеткіш материалдары бірнеше бөлімде жүйеленген. Олардың тізімі көрсеткіш мазмұнында берілген.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін «Күнтізбе...» «Күнтізбеде берілген павлодарлық есімдер алфавиттік көрсеткішімен» қамтылған.

Әрбір материалдың басында белгілі тұлғаның туғанынан бері өткен немесе сол не басқа оқиғамен байланысты атаулы күннің жыл саны көрсетілген. Даталар мен қажетті мәліметтерді анықтау үшін анықтамалық-библиографиялық аппарат пен орталық қалалық кітапхананың кітап қоры пайдаланылды.

«Күнтізбе...» Орталық қалалық кітапхананың сайтында орналастырылған, бұл оның мазмұнына барлық пайдаланушылардың шұғыл жүгінуіне мүмкіндік береді.

Құрастырушылар оқырмандардан көрсеткіш туралы өз ұсыныстары мен тілектерін білдіруді сұрайды.

Электрондық мекенжай: cbs.ibo@mail.ru

Біздің мекенжай: cbs.pvl.kz

Павлодар қ.

С.Торайғыров көш., 44 / 1

Павлодар қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі

Ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсету бөлімі

Тел.: 53-38-80

2024 жылға Павлодар облысының аталып өтілетін және еске алынатын күндері

Қаңтар

4 қаңтар	журналист Т. Коңыровтың туғанына 85 жыл (1939-2019)
11 қаңтар	ақын-импровизатор Қ. Нығмановтың туғанына 100 жыл (1924-1980)
11 қаңтар	суретші Ғ.Н. Қаржасовтың туғанына 70 жыл (1954-2016)
12 қаңтар	ғалым М.Г. Исаеваның туғанына 95 жыл (1929-2005)
16 қаңтар	орыс ғалымы, Баянауылды зерттеуші П.Л. Драверттің туғанына 145 жыл (1879-1945)
19 қаңтар	ақын Р. Пфлюгтің туғанына 105 жыл (1919-2016)
22 қаңтар	ҚазКСР еңбек сіңірген мұғалімі В.И. Щербинконың туғанына 100 жыл (1924-2009)
24 қаңтар	ғалым Р.А. Борукаевтың туғанына 125 жыл (1899-1967)
27 қаңтар	ақын П.Н. Гусевтің туғанына 95 жыл (1929-2004)
29 қаңтар	ақын Б. Әбдіқадыровтың туғанына 100 жыл (1924-2013)

Ақпан

2 ақпан	Павлодар облысын зерттеген неміс ғалымы А.Э. Бремнің туғанына 195 жыл (1829-1884)
13 ақпан	кино шебері және сценарист, КСРО кинематографистер Одағының мүшесі Қ.С. Сирановтың туғанына 110 жыл (1914-1976)
15 ақпан	кинорежиссер, актер Ш. Аймановтың туғанына 110 жыл (1914-1970)
15 ақпан	ғалым А.Л. Цефтің туғанына 120 жыл (1904-1971)
15 ақпан	"Сарыарка самалы" газетінің жарыққа шыққанына 95 жыл (1929)
21 ақпан	график-суретші В.М. Приходьконың туғанына 75 жыл (1949-2021)
22 ақпан	журналист, ақын А.Б. Қанидің туғанына 70 жыл (1954-2022)
25 ақпан	қоғам қайраткер, ғалым М.С. Терениктің туғанына 95 жыл (1929-2018)

Наурыз

4 наурыз	ұстаз, музыкант, павлодарлық әуесқой композитор Л.А. Гонтовойдың туғанына 85 жыл (1939-2004)
8 наурыз	фото-журналист В.Н. Бугаевтың туғанына 70 жыл (1954-2021)
13 наурыз	архитектор Г.В. Гальченконың туғанына 95 жыл (1929-2002)
14 наурыз	ғалым-биолог Е.Ш. Шахановтың туғанына 80 жыл (1944-2012)
16 наурыз	Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңқ орденінің толық кавалері П.П. Больботтың туғанына 100 жыл (1924-2013)

Сәуір

1 сәуір	революциялық қайраткер Е.Д. Малаховтың туғанына 125 жыл (1899-1921)
6 сәуір	Әнші Маша Мудряк 30 жаста (1994).
10 сәуір	ғалым С. Елубаевтың туғанына 100 жыл (1924-1993)
12 сәуір	ғалым Қ.И. Сәтбаевтың туғанына 125 жыл (1899-1964)
20 сәуір	ғалым Г.Г. Берестовскийдің туғанына 115 жыл (1909-1988)
21 сәуір	ғалым, профессор, өлкетанушы С. Жақсыбаевтың туғанына 90 жыл (1934-2018)
22 сәуір	Павлодар жерінде тыңның игереле басталғанына 70 жыл (1954)
25 сәуір	суретші-монументалист А.И. Бибиннің туғанына 85 жыл (1939-2009)
29 сәуір	ғалым М.Р. Танашеваның туғанына 85 жыл (1939-2019)

Мамыр

4 мамыр	Кеңес Одағының Батыры И.В. Кутурғаның туғанына 100 жыл (1924-1987)
4 мамыр	жазушы және драматург С.Х. Сұбханбердиннің туғанына 110 жыл (1914-1986)
5 мамыр	журналист З. Суворованың туғанына 80 жыл (1944-2006)
11 мамыр	ғалым Ә.Х. Марғұланның туғанына 120 жыл (1904-1985)
11 мамыр	жол хабарлау инженері, ҚазССР көлігінің еңбек сіңірген қызметкері Әби Сарқыншақовтың туғанына 90 жыл (1934-1922)

- 12 мамыр Ұлы Отан соғысының ардагері, Даңқ орденінің толық кавалері **Г.У. Ткачевтың** туғанына 110 жыл (1914-1985)
- 13 мамыр **Ардагерлер үйі** ашылғанына 20 жыл (2004)
- 14 мамыр суретші **А. Егімбаев (Игембаев)** 70 жаста (1954)
- 19 мамыр ақын **Л.Г. Гаврикова** 75 жаста (1949)
- 23 мамыр ғалым **К.А. Ақышевтың** туғанына 100 жыл (1924-2003)
- 24 мамыр ақын **С. Дөнентаевтың** туғанына 130 жыл (1894-1933)
- 29 мамыр **Баянауыл ауданы жеріндегі жабайы жануарларды қорғау** Мемлекеттік қорығының құрылғанына 45 жыл (1979)
- 31 мамыр Каз КСР-нің Еңбек сіңірген кеншісі, Социалистік Еңбек Ері **С.П. Куржейдің** туғанына 100 жыл (1924-2014)

Маусым

- 5 маусым актриса **Ф.А. Миронованың** туғанына 100 жыл (1924)
- 13 маусым **Павлодар машина жасау техникумының ашылғанына 50 жыл** (1974 ж.), Павлодар трактор зауытында Рубцовск машина жасау техникумының филиалының құрылғанына 55 жыл (01.09.1969)
- 14 маусым актриса **Ж. Чайкина** 70 жаста (1954)
- 15 маусым актриса **К.А. Вольскаяның** туғанына 115 жыл (1909)
- 17 маусым скрипкашы-ұстаз, Чайковский атындағы Павлодар музыкалық колледжінің тұңғыш директоры, музыкатанушы, педагог, Павлодар облысының музыкалық білім берудің ұйымдастырушысы **Г. Э. Кромердің** туғанына 120 жыл (1904-1982)
- 30 маусым **Павлодарлық ТЭЦ-1** қолданысқа берілгеніне 60 жыл (1964)
«Қаһарман» облыстық мамандандырылған кадет мектеп-интернатының (қазіргі «Облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернаты» КММ) ашылғанына 25 жыл (1999)
Павлодар мен Мәскеу арасында әуежайлық жолаушылар байланысының ашылғанына 75 жыл (1949)

Шілде

- 1 шілде Павлодар **музыкалық колледжінің** ашылғанына 65 жыл (1959)
- 6 шілде Социалистік Еңбек Ері **М.И. Трусовтың** туғанына 95 жыл (1929-1998)
- 8 шілде журналист және ақын **Ж. Садықов** 75 жаста (1949)
- 12 шілде журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі **Ж. Тұрғанбековтің** туғанына 75 жыл (1949-1997)
- 18 шілде педагог, музыкатанушы, славян мәдени орталығының басшысы **Т. И. Кузина** 75 жаста (1949)
- 20 шілде композитор **А.В. Бычковтың** туғанына 95 жыл (1929-1998)
- 22 шілде **Қан құю орталығының** құрылғанына 60 жыл (1964)

Тамыз

- 4 тамыз Фотограф-өлкетанушы **Л.Д. Багаевтың** туғанына 95 жыл (1929-1989)
- 11 тамыз орыс сiбiр жазушысы мен суретшiсi **А. Сорокиннiң** туғанына 140 жыл (1884-1928)
- 12 тамыз неміс ғалымы, Павлодар өңірін зерттеуші **И.Г. Гмелиннің** туғанына 315 жыл (1709-1755)
- 18 тамыз журналист және ақын **Қ. Смағұлдың** туғанына 85 жыл (1939-2009)

Қыркүйек

- 1 қыркүйек **Облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес орталығының** құрылғанына 35 жыл (1989)
- 4 қыркүйек Павлодар **№1 музыкалық мектебіне** Құрманғазы, **облыстық драма театрына** А.П. Чехов, **облыстық тарихи-өлкетану мұражайына** Г.Н. Потанин есімдері берілгеніне 65 жыл (1959)
- 4 қыркүйек КСРО батыры **А.Н. Елгиннің** туғанына 125 жыл (1899-1944)
- 5 қыркүйек фотограф-өлкетанушы, өлкетану мұражайының негізін қалаған **Д.П. Багаевтың** туғанына 140 жыл (1884-1958)
- 7 қыркүйек актер және музыкант **Р.Б. Омаровтың** туғанына 105 жыл (1919-1988)

- 10 қыркүйек ақын **Н. Юсуповтың** туғанына 85 жыл (1939-2008)
 14 қыркүйек неміс ғалымы, Павлодар өңірін зерттеуші **А. Гумбольдтың** туғанына 255 жыл (1769-1859)
 18 қыркүйек педагог, жазушы **А.В. Некрасовтың** туғанына 125 жыл (1899 -1972)
 21 қыркүйек ғалым **Х.А. Арғынбаевтың** туғанына 100 жыл (1924-1998)
 26 қыркүйек Нағымбек Нұрмұхаммедов атындағы Павлодар облыстық **көркемсурет музейінің** құрылғанына 60 жыл (1964)

Қазан

- 1 қазан ғалым, қоғам қайраткері **Ж.А. Ахметовтың** туғанына 105 жыл (1919-2003)
 4 қазан әдебиеттанушы, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Кенжебаевтың** туғанына 120 жыл (1904-1987)
 10 қазан ғалым **А.К. Қайыповтың** туғанына 110 жыл (1914-1993)
 13 қазан ғалым **К.М. Мұқановтың** туғанына 95 жыл (1929-1996)
 16 қазан **Май ауданының** құрылғанына 85 жыл (1939)
 16 қазан **Лебяжі ауданының** (қазіргі Аққулы ауданы) құрылғанына 85 жыл (1939)
 19 қазан ақын **Т.В. Окольников** 75 жаста (1949)
 20 қазан ақын **Н. Ваккердің** туғанына 105 жыл (1919-2006)
 21 қазан журналист **Д.Б. Қарашеваның** туғанына 75 жыл (1949-2020)
 23 қазан **Кафедралды Благовещенск шіркеуінің** ашылғанына және Павлодар қаласында **Бас мешіттің орнына** алғашқы рет тас қаланғанына 25 жыл (1999)
 25 қазан КСРО еңбегі сіңген спорт шебері, боксшы **Серік Қонақбаев** 65 жаста (1959) (Павлодар қаласында туған)
 қазан **Б.Ахметов атындағы Павлодар педколледжінің** ашылғанына 95 жыл (1929)
 қазан **Павлодар алюминий зауытының** бірінші кезегінің қосылғанына 60 жыл (1964)

Қараша

- 4 қараша қазақ әншісі **С.А. Әбусейітовтің** туғанына 95 жыл (1929-1992)
 5 қараша жазушы-этнограф **А.Е. Новоселовтың** туғанына 140 жыл (1884-1918)
 6 қараша суретші **Н. Нұрмұхаммедовтің** туғанына 100 жыл (1924-1986)
 7 қараша ақын **М. Жаманбалиновтың** туғанына 100 жыл (1924-2010)
 14 қараша **Жаманбалинов атындағы** орталық балалар кітапханасының құрылғанына 60 жыл (1964).
 19 қараша жазушы, аудармашы және журналист **М.Д. Балыкиннің** туғанына 100 жыл (1924-2000)
 22 қараша композитор **И. Булатов** 75 жаста (1949)
 25 қараша суретші **А.В. Гулиннің** туғанына 75 жыл (1949-2015)
 29 қараша Кеңес Одағының Батыры **Қ. Қамзиннің** туғанына 105 жыл (1919-1944)
 30 қараша ғалым **Л.К. Жаналина** 80 жаста (1944)

Желтоқсан

- 2 желтоқсан журналист, ақын, мұғалім **С. Баязитовтің** туғанына 80 жыл (1944-1920)
 5 желтоқсан ғалым **Ж. Жиенбаевтың** туғанына 110 жыл (1914-1978)
 13 желтоқсан ғалым **Е.Ғ. Жәкішевтің** туғанына 90 жыл (1934-2000)
 20 желтоқсан актер, Қаз.ҚСР Еңбек сіңірген артисі **Ж. Тұрсыновтың** туғанына 110 жыл (1914-1979)
 23 желтоқсан ақын **П. Васильевтің** туғанына 115 жыл (1909-1937)
 25 желтоқсан **Ертіс №1 көмір кенішінің** іске қосылғанына 70 лет (1954)
 28 желтоқсан ғалым **Н.Қ. Демесінованың** туғанына 95 жыл (1929-2001)

Күні мен айы белгіленбеген Павлодар облысының 2024 жылға арналған еске алынатын және аталып өтілетін күндер тізімі

- Олжабай** батырдың туғанына 315 жыл (1709-1783/85)
Шоң би Едігеұлының туғанына 270 жыл (1754-1836)
Шорман би Күшікұлының туғанына 225 жыл (1799-1837)
 Орыс тарихшысы, Павлодар өңірінің зерттеген ғалым **Ф.Н. Усовтың** туғанына 185 жыл

(1839-1888)

Екібастұз көмір кендерін алғаш рет ашқандардың бірі **Қ. Пішенбаевтың** туғанына 180 жыл (1844-1932)

Әнші және халық ақыны **Қ. Әлсейітовтың** туғанына 140 жыл (1884-1933)

Жазушы **Ж. Аймауытовтың** туғанына 135 жыл (1889-1931)

Ақын-импровизатор **Т. Арғынбаевтың** туғанына 135 жыл (1889-1940)

Павлодар өңіріндегі алғашқы қазақ дәрігер **А. Сейітовтың** туғанына 130 жыл (1894-1937)

ҚазКСР Еңбек сіңірген әртісі, әнші **Ж. Тоғандықовтың** туғанына 135 жыл (1889-1978)

Қоғам қайраткері **Н. Тілеубердиннің** туғанына 130 жыл (1894-1971)

Кеңес Одағының Батыры **И.В. Бабиннің** туғанына 125 жыл (1899-1944)

Жауынгер, полковник **Ә. Баймолдиннің** туғанына 115 жыл (1909-1944)

Даңқ орденінің толық кавалері **С. Рубаевтың** туғанына 105 жыл (1919-1945)

Ұлы Отан соғысына қатысушы, Даңқ орденінің толық кавалері **Б. Хайдаровтың** туғанына 105 жыл (1919-1945 ж.)

Павлодар **ДОСААФ** мектебінің құрылғанына 70 жыл (1954)

Кенжекөл ауылында кітапхана ашылғанына 60 жыл (1964)

Павлодар қаласының **№4 балалар кітапханасының** ашылғанына 55 жыл (1969)

«Павлодар облысында 2024 жылы аталып өтілетін және еске алынатын күндер» күнтізбесіне берілген қысқаша анықтамалар мен әдебиеттер тізімі

4 қаңтар

Төлеубек Ғаббасұлы Қоңыровтың
туғанына 85 жыл (1939-2019)



Журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Құрмет белгісі» орденінің иегері Төлеубек Ғаббасұлы Қоңыр 1939 жылы Май ауданы, Аршалы ауылында туған. Орта мектепті ерте бітіріп, еңбек жолын зауытта жұмыскер болып бастады. 1955 жылы 7 қыркүйекте облыстық «Қызыл Ту» газетінде корректор болды. 1956-1961 жылдары ҚазМУ-дың журналистика факультетінде оқыды. Павлодар облыстық «Қызыл Ту», «Тың өлкесі» газеттерінде аға тілші, 1956 жылдан бастап «Қызыл Ту» газетінде (облыстық «Сарыарқа самалы» газеті) бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. «Боздақтар», «Аршалы ардақтылары», «Бөкейханнан Баубекке дейін» және т.б. кітаптардың авторы.

Т. Қоңыров Польша, Болгария, Ресей, Қазақстандағы халықаралық конкурстарға қатысқан. Бұл конкурстарда лауреат атанып, жүлделерге ие болған.

Көп жылдық еңбегі, ірі табыстары үшін Республика Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, медальдарымен, облысымызда алғашқы мемлекеттік «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Қоңыр Т. Аршалы ардақтылары. - Павлодар, 2001. - 196 б.

Қоңыр Т. «Шұға» әңгімелері. Жат жерде жүріп жасқанбай. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 54 б.

Қоңыров Төлеубек // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. - 452 б.

Қоңыр, Т. Сендерге сенсемін!: [ардагер, журналист Т. Қоңыр аймағымыздың басты басылымы "Сарыарқа самалы" газетінің 90 жылдық мерейтойымен құттықтау] / Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы. - 2019. - 14 ақпан. - 5 б.

Әйтенов, С. Үшеуі де еңбекқор еді...: ["Сарыарқа самалы" газетінің бұрынғы қызметкерлері туралы] / С. Әйтенов // Сарыарқа самалы. - 2019. - 15 қаңтар. - 5 б.

Әйтенов, С. Бақұл бол, аға: [Қазақстанның Құрметті журналисі, "Құрмет белгісі" орденінің иегері, Май ауданының Құрметті азаматы, Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің ардагері ардагері Т. Қоңыровтың рухына] / С. Әйтенов // Сарыарқа samaly. - 2019. - 6 маусым. - 14 б.

Ибадуллин, Т. Қысқа жазудың шебері еді: [Қазақстанның Құрметті журналисі, "Құрмет белгісі" орденінің иегері, Май ауданының Құрметті азаматы, Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің ардагері ардагері Т. Қоңыровтың рухына] / Т. Ибадуллин // Сарыарқа samaly. -

2019. - 6 маусым. - 14 б.

Молдайып, С. Маңдайыңнан иіскейін...: [Қазақстанның Құрметті журналисі, "Құрмет белгісі" орденнің иегері, Май ауданының Құрметті азаматы, Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің ардагері ардагері Т. Қоңыровтың рухына] / С. Молдайып // *Saryarqa samaly*. - 2019. - 6 маусым. - 15 б.

Әміренов, Ф. Қоңыр үні құлақтан кетпейді: [Қазақстанның Құрметті журналисі, "Құрмет белгісі" орденнің иегері, Май ауданының Құрметті азаматы, Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің ардагері ардагері Т. Қоңыровтың рухына] / Ф. Әміренов // *Saryarqa samaly*. - 2020. - 23 сәуір. - 17 б.

11 қаңтар

Қимадиден Нығмановтың
туғанына 100 жыл (1924-1980)



Қимадиден Нығманов 1924 жылы 11 қаңтарда Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Жаңабет ауылында дүниеге келген. Әкесі Нығман Ертіс өңірінің Естай, Құдайберген сияқты ақындарымен замандас болып, солардың өлең-жырларын айтып, таратып отырған. Шешесі де өлеңге әуес болған. Өнер сүйгіш жанұяда өскен Қимадиден де өнерге жастай талпынған. Қимадиден сегіз жасқа келгенде балалар үйіне оқуға барады. Кейін Павлодардағы он жылдық мектепке келіп, оқуын жалғастырған. Ақын он төрт жасынан өлең жаза бастады. 1939 жылы осы мектепте оқып жүргенде алғаш рет «Өткір алмас» деген төрт шумақтан құралған өлеңі басылады. Он жылдықты аяқтағаннан кейін он тоғыз жасында Отан қорғауға аттанады. Майданда да әдебиеттен қол үзбеген ақын, соғыстан кейін елге оралып ақындық өнерін жалғастырады. Ақынның өлеңдерін оқығанда оның халықшыл екенін көруге болады. «Алпыс батыр», «Мақаштың ерлігі», «Барлаушы Семей», «Сержант Сембай» дастандары майдан өмірін бейнеледі.

Баянауыл табиғатын жырлағандардың бірі - Қ. Нығманов ақын. Ол «Баянауыл жырлары» деген өлеңдер топтамасын тамаша жерлерге арнайды. Ақын өлеңдерінде сол кездің ауылы, адамдардың қилы-қилы тағдырлары орын алады. Оның «Еділ құрбаны» балладасы, «Дарқан дала», «Дала шұғыласы», «Алпыс батыр» поэмасы оқырман қауымға кеңінен танылып, ыстық ықыласқа бөленген.

Қ. Нығманов көптеген толғау, арнау өлеңдер жазып, айтыстарға қатысып отырған. Ақын ауыз әдебиетінің нұсқауларын жинаумен айналысты. Сонымен қатар шежіреші адам болған. Ол Бәсентийін - Ақтілес, оның ішінде қазіргі Жаңатап, Жаңабет ауылдарындағы адамдардың шежіресін жасаған.

Әдебиеттер:

Нығманұлы, Қ. Естай: поэма / Қ. Нығманұлы. - Павлодар: ЭКО, 2010. - 163 б.: фотосурет.
Нығманұлы, Қимадиден. Ақдидар / Қ. Нығманұлы. - Павлодар: ЭКО, 2019. - 351 б.

Нығманов Қимадиден // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. - 525 б.

Мундуинов, Е. Иса ақынның шәкірті: [айтыскер ақын журналист, шежіреші, жыршы, Ұлы Отан соғысына қатысқан Қ. Нығманов жайлы] / Е. Мундуинов // *Saryarqa samaly*. - 2019. - 28 ақпан. - 14 б.

Естай мен Нығманның сөз қағысуы: [Қимадиден Нығмановтың ешбір жерде жарияланбаған сирек қолжазбалар қорынан] // *Saryarqa samaly*. - 2019. - 8 маусым. - 5 б.

11 қаңтар

Қабдыл-Ғалым Насырұлы Қаржасовтың
туғанына 70 жыл (1954-2016)



Қаржасов Қабдыл-Ғалым Насырұлы 1954 жылы 11 қаңтарда Павлодар облысы, Ертіс ауданындағы Үлгілі ауылында туған. Суретші, кескіндемеші. Н.В. Гоголь атындағы Алма-Ата шығармашылық училищені бітірді (1980). Ұстаздары: А.Қ. Жұбанов, А.А. Ақанаев. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі (1988), Президент сыйлығының лауреаты (1998). Қазақ халқының сәндік қолданбалы көркемөнер дәстүріне сүйене отырып, пластикалық және үлгілік жүйеде өзінің жеке стилін дамытқан. Негізгі шығармалары: «Ана суреті» (1986); «Раушан» (1987); «Достар» (1988); «Айнұр» (1992); «Шырын» (1992); «Сонар» (1993); «Дабыл»

(1994); «Көзқарас» (1999); «Таным» (2000). Көптеген көлемді триптихтардың - еңбектердің авторы: «Оқу мен өндіріс» (чеканка, 1987); «Ежелгі Қазақстан қазынасы» емдеу-сауықтандыру «Химзауыт» (ағаш. кескін, 1990); «Ұмытылмас есімдер» Майқайың ауылындағы мектеп-интернатындағы жазбалар кешені (1992); «Дала әуені» Ақтоғай ауылының МҮ (жазба. 1993); «Абай шығармашылығы» № 10 мектеп (жазба, 1994). Суретші 2016 жылы дүниеден озды.

Әдебиеттер:

Ғалым Қаржасов = Salym Karzhasov: каталог / фото: А. Биченев. Е. Ниязов, Т. Нургазин, В. Бугаев; Павлодар облысы әкімдігі. - Алматы, 2012. - 62 б.

Қабдыл-Ғалым Қаржасов: Кескіндеме=Қабдыл-Ғалым Қаржасов: Живопись=Kabdyl-Galym Karzhasov: Paintings: каталог=catalogue / құраст. Қ.-Ғ. Қаржасов; ауд. Қ. Қожбаев, Р. Джурмахамбетов; фот. А. Биченев, Т. Нургазин, Қ. Манибеков.- Павлодар: La Creation, 2013. - 107 б.

Қаржасов Қабдыл-Ғалым Насырұлы // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. - 439 б.

Төлебай, Махаббат. Өнер - мәңгілік мұра: [Қазақстан Суретшілер одағының және Қаржасов әулетінің бастамасымен Павлодарда суретші Қабдыл-Ғалым Қаржасовқа арнап мемориалды тақта ашылды] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 7 қыркүйек. - 8 б.

29 қаңтар

Бақи Шоқыбайұлы Әбдіқадыровтың

туғанына 100 жыл (1924-2013)



Әбдіқадыров Бақи Шоқыбайұлы – журналист, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі. 1942-47 ж. 2-дүниежүз. соғысына қатысып, Орел-Курск иініндегі шайқастарда ауыр жараланды. Әуе десантшысы болды. 1948-50 ж. - Жамбыл қалалық «Сталиндік жол» газетінің меншікті тілшісі, 1950-56 ж. - Көкшетау облысы «Көкшетау правдасы» газетінің әдеби қызметкері, меншікті тілшісі, 1956-57 ж. - Семей облысы Абай ауданы «Социалистік малшы» газетінің жауапты хатшысы, бас редактордың орынбасары, Жарма ауданы газетінің аудармашысы, 1957-60 ж. - Шығыс Қазақстан облысы «Знание коммунизма» газетінің меншікті тілшісі, 1963-64 ж. - ауд. «Новая жизнь», «Достық» газеттерінде редактордың орынбасары, 1965-67 ж. - Шығыс Қазақстан облысы «Рудный» газетінің меншікті тілшісі, 1967-84 ж. - Павлодар облысы «Қызыл Ту» (қазіргі Сарыарқа Самалы) газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметкерін атқарды.

1984 ж. зейнеткерлікке шыққан соң Павлодар облысының телерадиокомпаниясында редактор болып қызмет істеді.

Әбдіқадыров Бақи «Қазанама», «Төлебай-Сары», «Ақбура», «Айдабол», «Гауһар батыр» атты тарихи поэмалардың, «Салауат сазы» өлең кітабының авторы.

«Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Еңбек ардагері», т.б. медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Әбдіқадыров, Б. Қазанама: жоқтау, көңіл айту, еске алу / Б. Әбдіқадыров. - Павлодар: ЭКО, 2001. - 135 б.

Әбдіқадыров, Б. Салауат сазы: өлеңдер / Б. Әбдіқадыров. - Павлодар: ЭКО, 2011. - 67 б.

Әбдіқадыров Бақи Шоқыбайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. - 185 б.

Әбдіқадыров, Б. Өз газетім - төл газетім: ["Сарыарқа самалы" газеті туралы өлең] / Б. Әбдіқадыров // Сарыарқа самалы. - 2016. - 22 қыркүйек. - 15 б.; Сарыарқа самалы.- 2016. - 25 қазан. - 11 б.

Ибадуллин, Тұрсынбай. Ұлы бабам Айдабол: [Б. Әбдіқадыровтың "Тұлпарлардың дүбірі" атты кітабы туралы] / Т. Ибадуллин // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 6 сәуір. - 20 б.



Айманов Шәкен (Шаһкерім) Кенжетайұлы – актер, режиссер, КСРО Халық әртісі (1964). Болашақ актер 1914 жылы 15 ақпанда қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Ол кішкентай кезінен жездесі Қали Байжановтың әндерін тыңдап өскен. Ауыл мектебін бітіріп, Семейдегі педагогикалық техникумға оқуға түскен. Семей мұғалімдер техникумында оқып жүргенде 1932 жылы Алматыда Қазақ драма театрына шақырылады. Ш. Айманов 1932-1933 жылғы маусымнан театрға жұмысқа қабылданды. 1947-1951 жылдары қазіргі Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болды. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді сомдады. 1953-1970 жылдары «Қазақфильм» студиясының көркемдік жағын басқарып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Оның қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермен қауымның ой-талғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы соны ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі режиссер Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Ш. Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға қатысып, одақ басқармасының 1-хатшысы (1958-1970) қызметін атқарды.

КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты. 1970 жылы 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады; Алматы қаласында жерленді. Алматы қаласының көшесі (1972) және «Қазақфильм» студиясы (1984) Айманов есімімен аталады. Ол тұрған үй мен киностудия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылған.

Әдебиеттер:

- Айманов Шәкен // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. - Алматы, 1998. – 136 - 137 б.
 Айманов Шәкен // Баянаула (қазақ және орыс тілінде). – Астана, 2001. – 107 б.
 Айманов Шәкен // Тұңғыштар / құраст. Ш. Күмісбаев - Алматы, 2007. - 206 - 208 б.
 Айманов Шәкен // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық . - Алматы, 2010. - 22 - 23 б.
 Айманов Шәкен // Тарихи тұлғалар. - Алматы, 2011. – 274 - 276 б.
 Айманов Шәкен // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 128 б.

Шәкен Айманов=Шакен Айманов=Shaken Aimanov: фотоальбом / құраст. авт. С. Санбаев, Қ. Бегалин. - Алматы: Өнер, 2004. - 159 б.

Топжарған: Шәкен Аймановтың 100 жылдығына арналған / құраст. Т.К. Смайлова. - Алматы: Раритет, 2014. - 399 б.

Шәкен Айманов: кітап-альбом / құраст. Қ. Бегалин; кіріспе мақ. авт. О.Сүлейменов. - Алматы: Өнер, 2014. - 319 б.

Жәкенова, Р. Ә. Шәкен аға басқарған еді: [Баянауылдық құрметті ұстаз Р.Ә. Жәкенованың көрнекті актер, режиссер Ш. Аймановтың мерейтойы қарсаңында естелігі] / Р.Ә. Жәкенова.; жазып алған С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2019. - 2 ақпан. - 6 б.

Дархан дарын: Көрнекті актер, режиссер Шәкен (Шаһкәрім) Аймановтың туғанына - 105 жыл // Сарыарқа самалы. - 2019. - 2 ақпан. - 5 б.

Әлімбаев, М. Шәкенге: [актер, режиссер Ш. Аймановқа арналған өлең] / М. Әлімбаев.; жазып алған С. Молдайып // Сарыарқа самалы. - 2019. - 2 ақпан. - 6 б.

Айманов ескерткіші: ["Almaty" қонақүйінің алдына режиссер Ш. Аймановтың қола мүсіні қойылды] // Жас Алаш. - 2019. - 23 мамыр. - 6 б.

Аханбайқызы, А. Шәкен Аймановтың мұражайы ашылды: ["Қазақфильм" киностудиясында режиссер Ш. Айманов атындағы мұражай ашылды] / А. Аханбайқызы // Egeмен Qazaqstan. - 2019. - 17 қыркүйек. - 11 б.

Хашымқызы, Қ. Алдар көсенің бөркі: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде қазақ киносының актері Ш. Айманов "Алдар көсе" образын жасаған бөрік пен тонын көруге болады] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2019. - 26 желтоқсан. - 20 б.

Қарашашева, Д. "Даңқты жерлестер" циклінен: [Павлодар облысының тарихи тұлғаларына арналған өлеңдер] / Д. Қарашашева // Naizatas. - 2019. - № 5. - 172 - 177 б.

Қайыров, Е. Жәдігер: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейіндегі құнды жәдігерлер тарихынан] / Е. Қайыров // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 19 маусым (№ 24). - 12 - 13 б.

Жұмабай, Н. "Атаманның ақыры" немесе Аймановтың соңғы фильмі: [кинорежиссер Шәкен Аймановтың "Атаманның ақыры" фильміне 50 жыл] / Н. Жұмабай // Egemen Qazaqstan. - 2020. - 18 қараша. - 17 б.

Төлебай, Махаббат. Шертетін сыры бөлек...: 15 ақпан - Шәкен Аймановтың туған күні! / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 15 ақпан. - 8 б.

Қапанұлы, Мұрат. Шәкен Аймановтың әйгілі бөркі: [Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейінде Ш. Аймановтың "Алдар көсе" фильміне киген бөркі сақтаулы] / М. Қапанұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 8 ақпан. - 16 б.

Думанқызы, А. Қазақ киносының саңлағы: [Г.Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің Тәуелсіздік залында атақты кинорежиссер, актер Ш. Аймановтың 109 жылдығына арналған "Қазақ киносының саңлағы" атты еске алу кеші өтті] / А. Думанқызы // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 23 ақпан. - 8 б.

Тәуекел, Сламбек. Шәкен ағаның тынысы: [Қазақстанның халық артисі, әнші, режиссер, киноактер К. Кенжетәев] / С. Тәуекел // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 6 сәуір. - 19 б.

15 ақпан

«Сарыарқа самалы» газетінің жарыққа шыққанына 95 жыл (1929)



1929 жылдың 15 ақпанында Павлодар өңіріндегі қазақ баспасөзінің негізі қаланды. Бұл күні «Сарыарқа самалы» газетінің негізін қалаушы округтік «Кеңестуы» газетінің алғашқы нөмірі жарық көрді. Алғашқы редакторы Бейсенбай Кенжебаев. Газет алғашқы екі-үш ай бойы аптасына бір рет екі мың дана тиражбен шығарылған. Елімізде шаруашылықты ұжымдастыру қозғалысына байланысты 1930 жылдың 14 ақпанынан бастап басылым атауы «Колхоз» деп өзгертілді. Ал 1938 жылдың 14 сәуірінен «Қызыл Ту» деген атпен шыға бастады. Газеттің қоғам өміріндегі орны, журналистерінің белсенділігі ескеріліп, 1979 жылы 15 наурызда «Қызыл Ту» газеті «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Қазақстан Республикасы өзінің дербес тәуелсіздігін жариялағаннан кейін 1991 жылдың екінші жартысынан бері «Сарыарқа самалы» деген атпен жарық көруде. Газеттің бүгінгі бас редакторы – Нұрбол Жайықбаев.

2000 жылы Қазақстан Президенті Н. Ә Назарбаевтың Алғыс хатымен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды. Газет Ертістің Павлодар өңірімен қатар еліміздің барлық облыстарына және Ресейдің Алтай, сондай-ақ Монғолияның Баян-Өлгий өлкелеріне тарайды.

Әдебиеттер:

Аймақ өмірінің айнасы: Павлодар облыстық «Сарыарқа самалы» газетіне 80 жыл (1929-2009). - Павлодар, ЭКО, 2011. - 158 б.

«Сарыарқа самалы» // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. – Алматы, 2013. - 635 б.

Әйтемов, С. Үшеуі де еңбекқор еді...: ["Сарыарқа самалы" газетінің бұрынғы қызметкерлері туралы әңгіме] / С. Әйтемов // Сарыарқа самалы. - 2019. - 15 қаңтар. - 5 б.

Жайықбаев, Н. "Халықтың көзі, тілі һәм құлағы": ["Сарыарқа самалы" газетінің редакциясы өзінің, Ертіс-Баян өңіріндегі қазақ баспасөзінің тарихына қатысты іздеу шараларын жалғастыра бермек] / Н. Жайықбаев // Saryarqa samaly. - 2019. - 27 маусым. - 5 б.

Аяғанов, М. Зейнеш апайдың зерделі сөзі: ["Сарыарқа самалы" газетінің "Айналайын" қосымшасының тұрақты авторы З. Рақышқызының рухына] / М. Аяғанов // Saryarqa samaly. - 2020. - 5 наурыз. - 17 б.

Жайықбаев, Нұрбол. "Сарыарқа самалының" алғашқы редакторы: белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев болған еді / Н. Жайықбаев // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 2 наурыз. - 19 б.

Жайықбаев, Нұрбол. Тәуелсіздіктің алғашқы қарлығашындай: [26 қыркүйек - газетінің "Сарыарқа самалы" атауымен шыға басталғанына 30 жыл] / Н. Жайықбаев // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 23 қыркүйек. - 15 б.

Ергөбек, Құлбек. Қазақ баспасөзінің бір байрағы: [Сарыарқа самалы" газетінің негізін салушы Бейсембай Кенжебайұлы өмірінен сыр] / Қ. Ергөбек // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 21 қазан. - 6 - 7 б.

Біздің газет - жеңімпаз!: [Аймақтың ата басылымы, Павлодар облыстық "Saryarqa samaly" газеті баспа, радио және интернет-журналистика "URKER-2022" ұлттық бәйгесінің жеңімпазы атанды] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 29 қазан. - 1, 3 б.

Төлебай, Махаббат. Батылдықты қажет етер мамандық: [15 ақпан - "SARYARQA SAMALY" газетінің алғашқы саны шыққан күн] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 14 ақпан. - 5 б.

21 ақпан

Валерий Михайлович Приходьконың

туғанына 75 жыл (1949-2021)



Приходько Валерий Михайлович (21.02.1949 ж.т., Ресей, Мурманск қ.) – график, кескіндемеші. Қазақстан суретшілер одағының мүшесі (1981). Красносельский металдары көркем өңдеу училищесін бітірген (1970). Мұғалімдері: Жуков В.Г., Косенков Н.П., ҚР суретшілер одағының мүшелері (1981). 1970-80 жылдардың басындағы Приходьконың еңбектерінен станоктік графика пішінін ұстанушылық байқалады: «Цирк», «Мәңгілік тақырыптар» (1982-84); «Күнделіктен көріністер» (1986) офорт пен лиоравюра сериалы. Келесі онжылдықта маска-портреттердің театр бейнесін, жанрлық ахуалдары жасай отырып, өзінің сурет өнеріндегі бейнелі-мифологиялық тұжырымдамасын белсенді түрде жетілдірген. Бояулар үйлесімін келтірудің және сызықты ырғақтың шебері: «Новеллалар» серисы (1993, гуашь); «Изографиялық көріністер» (1994-96); «Көктемгі күн мен түннің теңесуі» (1996); «Жүректің қыстағы соғысы» (1997); «Ерлер ойыны» (1998); «Азия жылан» (1999); «Келін» (2000); «Минотавр» (2001); «Ақынның сапар шегуі» (2001) атты еңбектері бар. Көптеген көрмелерге қатысқан.

Суретшінің туындылары Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында, Павлодар өнер мұражайында, Қазақстан, Ресей, Литва, Германия, Польша, Румыния, Вьетнам, Франция және АҚШ-тағы жеке коллекцияларда сақтаулы.

Әдебиеттер:

Приходько Валерий Михайлович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. – Алматы, 2013. – 612 б.

22 ақпан

Арман Қанидің

туғанына 70 жыл (1954 - 2022)



Арман Қани 1954 жылы 22 ақпанда Павлодар қаласында туған. Жаяу Мұсаның туған жиеншары, Мәдидің аталас ағайынының ұрпағы, Арқаның екі бірдей күрескер ақын-композиторын өмірде де, өнер де өзіне үлгі тұтып өскен. Алғашқы өлеңдеріне 1980 жылдардың бас кезінде, республикалық әдеби басылымдар беттерінде қазақ поэзиясының көрнекті тұлғалары Жүмекен Нәжімиденов, Қуандық Шаңғытбаев жылы лебіз білдіріп, шығармашылығына сәт сапар тілеген. Тұңғыш жинағына Қазақстанның Халық жазушысы Мұзафар Әлімбаев толымды пікір білдірді. 1969 жылы Павлодар қаласындағы №3 мектеп-интернатта оқып жүрген кезінде, ұлтшыл жасөспірімдердің «Жас ұлан» атты жасырын саяси ұйымын құрып, жұртшылықты кеңестік отаршылдыққа қарсы бас көтеруге шақырған өлеңдер жазып, ұнпарақтар таратқан. Ұйымды МҚК (КГБ) баскармасы әшкерелеген соң, бірнеше серігімен бірге «Ұлттық саясат мәселесіндегі идеялық саяси қателігі үшін» деген айыппен комсомол қатарынан шығарылды, оқу-үлгерім табеліне тәртібі «3» деген баға қойылып, «өз еркімен» мектептен қуылды. Білім алу құқына қол сұғылып, баспасөз бостандығына шектеу қойылған ол ұзақ жылдар бойы жұмысшы болып істеген. Сол кезеңде ұлтшылдық, азаматтық мұрат-мүддесін саяси іс-әрекеттер арқылы жүзеге асыруға ұмтылды: 1986 жылы Павлодар қаласында бір топ серігімен Алматыдағы желтоқсаншыларға үн қосуға әрекеттенді, 1989-1990 жылдары «Невада-Семей», «Азат»

қозғалыстарының, «Қазақ тілі» қоғамының Павлодар облыстық ұйымдарын құруға атсалысып, қоғамдық-саяси істерге белсене араласты.

Арман Қани орта мектепті де (1976 ж.), жоғары оқу орнын да (ПМУ-дың филология факультеті, 1995 ж.) өз құрбы-құрдастарынан көп кейін, сырттай оқып тамамдаған. 1990 жылдардың бас кезінен бері бұқаралық ақпарат құралдарында журналистік қызмет атқаруда.

Топтама өлеңі Қазақстан жас ақындарының «Қарлығаш» ұжымдық жыр жинағына (Алматы, 1984 ж.) енген. «Ар алдында» (Павлодар, 2001 ж.), «Қызыл түнектегі ақ бұрқак», «Тамшылар» (Павлодар, 2004 ж.), «Шындықпен бетпе-бет» (Алматы, 2006 ж.), «Жұлдызды тұман» (Павлодар, 2008), «Сен және мен» (2012), «Үйлесім – Гармония» (2014), «Баянауыл жырлары» атты жинақтары жарық көрген.

Арман Қани - Қазақстан шығармашыл жастары «Жігер» фестивалі дипломының иегері (Алматы, 1983 ж.), Павлодар қаласы шығармашыл зиялылары «Қауышу» слетінің «Жылдың үздік ақыны» атағының иегері (2001 ж.), «Бір өлең - бір әлем» республикалық мүшәйрасының I орын жүлдегері (Алматы, 2008 ж.), Павлодар облысы мен облыстық радионың 70 жылдығына арналған «Туған жер - алтын дінгек» республикалық мүшәйрасы бас жүлдесінің жеңімпазы (Павлодар, 2008 ж.).

Ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист. «Ертіс дидары» газетінің редакторы, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Павлодар облысына сіңірген еңбегі үшін», «Павлодар қаласының құрметті азаматы», «Баянауыл ауданының құрметті азаматы» атақтарымен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл», «Павлодар облысына 75 жыл», «Қазақ хандығына 550 жыл» мерекелік медальдарымен, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Алғыс хаттарымен марапатталып, құрметтелді. Оның кеудесіне «Невада-Семей қозғалысына 25 жыл» төсбелгісін Олжас Сүлейменовтің өзі қадады.

«Сен және мен» жыр жинағы үшін алашшыл ақын Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болды. Ұлы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында берілген сыйлықтың мән-маңызы азаттық үшін күрескен ол үшін айрықша екені анық!

Әдебиеттер:

Қани, А. Ар алдында: (Жыр жинағы) / А. Қани.- Павлодар: ЭКО, 2001. - 108 б.
Қани, А. Қызыл түнектегі ақ бұрқак : жыр жинағы / А. Қани. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 214 б.

Қани, А. Тамшылар: (Жыр жинағы) / А. Қани. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 69 б.
Қани, А. Шындықпен бетпе-бет: Жыр жинағы / А. Қани. - Алматы: Қазақпарат, 2006. - 176 б.

Қани, А. Сен және мен: жыр жинағы / А. Қани.- Астана: Фолиант, 2012. - 294 б.
Қани А. Қарашығымдағы бейнелер: өлеңдер / А. Қани. - Павлодар: ЭКО, 2019. - 113 б.
Қани А. Керек жырлары / А. Қани. - Павлодар: Сытин А. А., 2020. - 95 б.
Қани А. Замандастар: өлеңдер / А. Қани. - Павлодар: ЖК Сытин А. А., 2021.- 112 б.
Қани А. Туған жер төсінде: өлеңдер / А. Қани. - Павлодар: Сытин А. А., 2021. - 118 б.

Қани Арман Бақтанұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 432 б

Қани, А. Жолымды ашқан Жұмекен ақын еді: [ақын А. Қанидің шығармашылығына жол ашқан, ҚР Мемлекеттік әнұранының авторы, көрнекті ақын Ж. Нәжімеденов жайлы] / А. Қани // Saryarqa samaly. - 2020. - 10 желтоқсан. - 24 б.

Қани, Арман. Ескерткіш те керек, саябақ та қажет!: [Баянауыл ауданы орталығында батыр бабаларымыз Олжабай мен Жасыбайға арналған ескерткіш кешенін салу мәселесі өткен жылы талқыланып БАҚ-та жарияланған] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 29 маусым. - 4 б.

Қани, Арман. Арман Қани: Біздің ел екі теңіздің ортасындағы көл сияқты...: [Ақын А. Қанимен сұхбат] / А. Қани.; Сұхбаттасқан Жарас Кемелжан // Жас АЛАШ. - 2021. - 23 қыркүйек. - 5 б.

Қани, Арман. Түркістан легионерлерін толық ақтау керек: [Павлодар облысы полиция департаментінің мұрағаты қорында II дүниежүзілік соғыс кезінде неміс әскерлерінің тұтқынында болған жерлестерімізге қатысты біршама құжаттар сақталыныпты] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 30 қазан. - 6 б.

Қани, Арман. Қатерлі күндерде...: ["Қасіреттік қаңтар" оқиғасы туралы] / А. Қани // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2022. - 14 қаңтар (№ 1). - 19 б.

Қани, Арман. Алашшыл азамат Тәуекел Нұркин: [Мұғалім, ағартушы, халыққа білім беру ісін ұйымдастырушы, Алаш қайраткері Т. Нұркин жайлы] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 3 ақпан. - 17 б.

Қани, Арман. Кландар бұл проблемаларды жалаулатып, өз мүддесіне пайдаланады: ["Қасіреттік қаңтар" оқиғасы туралы] / А. Қани // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2022. - 11 ақпан (№ 6). - 6 б.

Қани, Арман. Алашордашы ретінде айыпталғандар: [Павлодар облысы ішкі істер департаменті мұрағатының жабық қорының тізімдемесімен танысып, Ертістің Кереку-Баянауыл өңірінің құғын-сүргін құрбандары белгілі болды] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 3 наурыз. - 14 б.

Қани, Арман. Әскери тұтқындар да - соғыс құрбандары: [Ұлы Отан соғысына қатысқан павлодарлықтар] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 7 сәуір. - 15 б.

Қани, Арман. Ол бізден бір жылдық жолға алыстады...: [Ақын В. Семерьяновты еске алу] / А. Қани // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2022. - 22 сәуір (№ 16). - 23 б.

Қани, Арман. "Мектебім - мәңгілік көктемім": [Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатында 60 жылдық мерейтойына арналған фестиваль өтті] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 12 мамыр. - 12 б.

Қани, Арман. Өлеңге айналған тұлғалы ермен қоштасу: [Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, облысымыздың Құрметті азаматы Қуат Есімхановтың рухына] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 14 мамыр. - 18 б.; ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2022. - 13 мамыр (№ 19). - 23 б.

Қани, Арман. Жер аударылғандар: [Павлодар облысы ішкі істер департаменті мұрағатында сақталған қылмыстық істерді зерттеу барысында № 0587 іспен таныстық] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 31 мамыр. - 5 б.

Қани, Арман. "Жас ұлан" ұйымы: шындық және қауесеттер: [1969 ж. Павлодар қаласындағы № 3 облыстық қазақ мектеп-интернатында (қазіргі Ы. Алтынсарин атындағы гимназия-интернат) "Жас ұлан" ұйымы құрылды] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 18 маусым. - 6 - 7 б.

Хонж, А. Жұпарын жырдың жұтқыңыз келсе...: [Ақын А. Қанидің "Қарашығымдағы бейнелер" деп аталатын өлеңдер топтамасы туралы] / А. Хонж // Saryarqa samaly. - 2019. - 14 наурыз. - 16 б.

Туған өңірдің алғысы: Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Арман Қани мен халықаралық "Қазақ тілі" қоғамы облыстық филиалының төрағасы, ардагер журналист Социал Әйтемов Май ауданының Құрметті азаматы атанды // SARYARQA SAMALY. - 2020. - 31 желтоқсан. - 20 б.

Оралхан, А. "Кереку жырлары" жарық көрді: [белгілі ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Арман Қанидің кезекті жыр жинағы жарық көрді] / А. Оралхан // SARYARQA SAMALY. - 2020. - 31 желтоқсан. - 20 б.

"Кереку жырларын" таныстырды: [дарынды балаларға арналған Абай атындағы гимназияда Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының иегері Арман Қанидің "Кереку жырлары" жинағының тұсауы кесілді] // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 19 қаңтар. - 4 б.

Сахаба, Тілеуберді. Он бірінші кітап: [Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Арман Қанидің "Туған жер төсінде" деп аталатын кезекті жыр жинағы жарық көрді] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 4 ақпан. - 20 б.

"Замандастар": [ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты Арман Қанидің "Замандастар" жинағы жарық көрді] // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 7 тамыз. - 9 б.

Бықай, Фарида. "Қаламнан туған қасиет": [Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай "Қаламнан туған қасиет" атты әдеби жиын өтті] / Ф. Бықай // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 8 қазан. - 14 б.

Қани Арман Бақтанұлы: [Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын А. Қани дүниеден өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 3 қыркүйек. - 11 б.

Жайықбаев, Нұрбол. Жырларыңыз қалды мұра боп...: [Ақын А. Қанидың поэзиясы] / Н. Жайықбаев // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 6 қыркүйек. - 6 б.

Арман Қани: [Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын А. Қани дүниеден өтті] // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ . - 2022. - 9 қыркүйек (№ 35). - 23 б.

Құлагер - жыр мәреге таянған сәт!...: [Ақын А. Қанидың поэзиясы] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 6 қазан. - 15 б.

Оралхан, Айбек. Тағдырлы ақынның "Тағдырлары": [Ақын А. Қанидың "Тағдырлар" жинағына рецензия] / А. Оралхан / Naizatas. - 2022. - № 4. - 34 - 43 б.

Жайлыбай, Ғалым. Тамырын тағдырының тани алған...: [Ақын, Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының және "Құрмет" орденінің иегері, "Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері", Павлодар қаласының құрметті азаматы, "Найзатас" әдеби-көркем журналының негізін қалаушылардың бірі әрі жауапты алғашқы хатшысы Арман Қани дүниеден озды] / Ғ. Жайлыбай // Naizatas. - 2022. - № 5. - 189 - 196 б.

Кәрімова, Мәкен. Қазаққа аты жайылған "Қазқрайдың" түлегі: [Алашқа аты әйгілі күрескер ақын А. Қани] / М. Кәрімова // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 23 ақпан. - 18 б.

Боранбаева, Айдана. Алаштың Арманы: [Көрнекті ақын, қоғам қайраткері А. Қанидің 69 жылдығына орай С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада "Алаштың Арманы" атты еске алу кеші өтті] / А. Боранбаев // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 28 ақпан. - 10 б.

25 ақпан

Мария Серафимовна Терениктің

туғанына 95 жыл (1929-2018)



Тереник Мария Серафимовна Новосибирск облысы, Колыван ауданы, Передовое ауылында дүниеге келген, өлкетанушы, тарих ғылымдарының кандидаты (1966). 1951 ж. Қазақ педагогикалық институтын бітірген. 1951-59 ж. педагогикалық училищенің оқытушысы, оқу ісі жөніндегі меңгерушісі, 1959-61 ж. КОКП қалалық к-ті мектеп бөлімінің нұсқаушысы, 1962-65 ж. аспирант, 1965-91 ж. Павлодар индустриялық институтының КОКП тарихы кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Степан Царев» (1971), «Павлодар комсомолының тарихы жөнінде очерктер» (1958), «Қазақстанда Кенес үкіметі үшін күрескендер» (1987), «Біздің Павлодар» (1970), Тұрғын үй-коммуналдық мәселелері және КСК жөніндегі 3 кітапша, «Павлодар индустриялық институты» (1983), «Павлодардың құрметті азаматтары» (2003), «Павлодар: біздің тарихымыздың тармақтары», «На страже здоровья павлодарцев» (2019), т.б. кітаптардың авторы.

«Құрмет білгісі» орденімен (1981) және медальдармен марапатталған. Павлодар қаласының құрметті азаматы.

Әдебиеттер:

Тереник Мария Серафимовна // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 686 б.

8 наурыз

Владимир Николаевич Бугаевтың

туғанына 70 жыл (1954 - 2021)



Владимир Бугаев Қиыр Приморск өлкесінде дүниеге келген. Фотограф, КСРО және Қазақстан Республикасы Журналистер одағының, Канаданың Ұлттық фотографиялық қауымдастығының (NAPA-CANADA) мүшесі. 1979 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген соң журналистика мамандығы бойынша диплом алды. 1979-1994 жылдары облыстық «Звезда Прииртышья» газетінде қызмет етті. Одан кейін «Аргументы и факты. Қазақстан» газетінің тілшісі болды, «Огонёк-Қазақстан» журналының фототілшісі, 2000 жылдан бастап стример ретінде ИТАР-ТАСС, REUTERS, ЕРА агенттіктерінің фотоқызметтерімен ынтымақтасады. Владимир Бугаевтың фотожұмыстары әлемнің 17 елінің: Аргентина, Ұлыбритания, Венгрия, Гонконг, Үндістан, Испания, Португалия, АҚШ, Франция және басқа елдердің фотосалондарына қойылған.

Владимир Бугаев үшін ең бағалы марапаттардың қатарында Оклахомадағы (АҚШ) халықаралық салонның құрмет грамотасы, Бүкілресейлік фотоконкурсы «Оружием смеха» медалінің жеңімпазы, «Еуропа-89» беделді фотокөрмесінің қола медалі (Испания), Шолнок қаласы фотосалонының жүлдесі (Венгрия) және т.б.

Владимир Бугаев Павлодар Ертіс өңірінің патриоты, осынау әсем өлкенің фотошежірешісі, оның табиғи інжу-маржандарының жыршысы болды.

Әдебиеттер:

Қайратұлы, Фархат. Ұшқыр ой - ұтымды сәт: [Фотожурналист В. Н. Бугаев туралы] / Ф. Қайратұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 28 маусым. - 11 б.

Бугаев Владимир Николаевич: [Фототілші, журналист, кәсіпқой өлкетанушы, Павлодар облыстық Звезда Прииртышья газетінің ардагері В. Н. Бугаев 68 жасында дүние салды] // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 5 тамыз. - 19 б.

Әміренов, Фархат. Ұшқыр ой - ұтымды сәт: [Фототілші, журналист, кәсіпқой өлкетанушы, Павлодар облыстық Звезда Прииртышья газетінің ардагері В. Н. Бугаев жайлы] / Ф. Әміренов // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 16 қыркүйек. - 17 б.

14 наурыз

Еламан Шаханұлы Шахановтың

туғанына 80 жыл (1944-2012)



Шаханов Еламан Жаңаарқа ауданы, Атасу кентінде дүниеге келген. Ғалым – агроном, биология ғылымдарының докторы (1991), профессор (1992). ҚР ҰҒА ауылшаруашылық бөлімінің БҮРО мүшесі. 1967 жылы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының бітірген. 1993-2003 жылдары Павлодар ауылшаруашылық ғылыми – зерттеу институтының директоры.

Ауылшаруашылығы өсімдіктерінің 14 сортын шығарды, олардың ішінде бидайдың Ертіс-97, жүгерінің Цунами-80 сорттары, еркекшөптің, эспарцеттің, бетегенің, түйежоңышқаның сорттары бар.

110-нан астам ғылыми еңбектің авторы. Жаңа сорт шығару жөніндегі 8 авторлық куәліктерінің иегері.

Әдебиеттер:

Шаханов Еламан // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. - Алматы, 2007. - 461 б.

Шаханов Еламан // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. - Алматы, 2010. 2 т. - 449 - 450 б.

Шаханов Еламан // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 731 б.

Шаханов, Е. Мыңбаев: [Қазақстандағы аграрлық ғылымның негізін қалаушы, академик К. Мыңбаевтың туғанына 105 жыл] / Е. Шаханов, И. Нечаев // Егемен Қазақстан. - 2011. - 3 тамыз. - 5 б.

10 сәуір

Сахабиден Елубаевтың

туғанына 100 жыл (1924-1993)



Сахабиден Елубаев Қожамжар ауылы, қазіргі Павлодар облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. Физика-математика ғылымының докторы (1982), профессор (1985). Қазақ КСР-інің және КСРО Білім беру ісінің үздігі. ҚазМУ-ды (1951, қазіргі ҚазҰУ) бітірген. 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Новосибирск қаласындағы КСРО Ғылым Академиясының Сібір бөлімшесі Математика институты мен Есептеу орталығында аспирант (1961–1962), кейін аға ғылыми қызметкер (1971–1973), Қызылорда педагогика институтында (қазіргі Қызылорда мемлекеттік университеті) оқытушы (1951–1961), мұғалімдер институты директорының орынбасары (1952–1953), осы институтта кафедра меңгерушісі (1963–1971), проректоры (1986 жылдан) қызметтерін атқарған.

Оның ғылыми еңбектерінің негізгі бағыты гиперболалық және параболалық теңдеулер үшін кері есептер тақырыбына арналған.

Елубаев 50-ден астам ғылыми еңбектің авторы. Отан соғысы орденімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Елубаев Сахабиден // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. 1 т. - Алматы, 2012. - 467 б.

12 сәуір

Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл (1899-1964)



Қаныш Имантайұлы Сәтбаев 1899 жылдың 12 сәуірінде Павлодар облысының Баянауыл ауданында (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді. Геолог ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР академиясының академигі, Кеңес Одағының және Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, Қазақтаннан шыққан тұңғыш академик.

Геологиялық барлау мамандығы бойынша Томск технологиялық институтының тау-кен факультетін бітіріп келгеннен кейін Қаныш Сәтбаевтың бүкіл өмірі Қазақстанның минералдық ресурстарын және рудалық кендер генеалогиясын зерттеуге арналған.

Оның қалдырған ғылыми бай мұраларының ішінде, әсіресе, Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше. Жезқазғанның ірі мыс рудалы аудандар қатарына жатуы кезінде осы кеннің жоспарлы түрде кең масштабтағы барлау жұмыстарын ұйымдастыруға болатын ірі объекті екенін дәлелдеп берген Қаныш Сәтбаев еңбегінің нәтижесі. Сондай-ақ ол минералдық шикізатқа бай Сарыарқа, кенді Алтай, Қарағанды, Қаратау секілді аймақтарға да ерекше назар аудара зерттеп, олардың кендерінің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғылыми қорытындылар жасады, ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізді.

Ол геология ғылымына қатысты әлемдік, одақтық, қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссиялардың, комитеттердің мүшесі, басшыларының бірі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің депутаты; СОКП създерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитеттің президиумының мүшесі. Ол төрт рет Ленин орденімен, Екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен марапатталып, КСРО Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған. Оның есімі институттар мен кен-металлургия комбинаттарына, Қазақстан қалаларының көшелеріне, мектептер мен шаруашылық аттарына берілген. Сондай-ақ, Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кенінің рудасынан табылған бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражайлар бар.

Әдебиеттер:

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7 т. - Алматы, 2005. - 616 - 619 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Тұңғыштар / құраст. Ш. Күмісбаев - Алматы, 2007. - 169 - 171 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. 2 т. - Алматы, 2010. - 305 - 307 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Тарихи тұлғалар. - Алматы, 2011. - 109 - 110 б.

Қаныш Сәтбаев: энциклопедия / бас. ред. Б. Ө. Жақып. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. - 661 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтама. 1 т. - Алматы, 2012. - 186 - 187 б.

Сәтбаев Қаныш Имантайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 641 - 647 б.

Сәрсекеев, М. Сәтбаев: деректі ғұмырнама / М. Сәрсекеев. - Алматы: Жалын, 1988. - 523 б.
Сәрсекеев, М. Құғындалған "Сәтбаев": естелік-эссе / М. Сәрсекеев.; жауапты шығарушы Т. Зейнабилов. - Алматы: Шабыт, 1994. - 244 б.

Жақып, М. Ұлылар жүрген жол адастырмайды: очерк-репортаж, мақала-сұхбат / М. Жақып, Т. Қоңыр. - Павлодар: [баспасыз], 1999. - 78 б.

Салықов, К. Қаныш Сәтбаев: Қысқаша өмірбаяндық анықтама=Қаныш Сәтбаев: Краткая биографическая справка / К. Салықов. - Алматы: Жибек жолы, 1999. - 31 б.

Сәрсек, М. Қазақтың Қанышы: роман-эссе / М. Сәрсек. - Алматы: Атамұра, 1999. - 591 б.
Сәрсек, М. Қаныш елі=Родина Сатпаева=Satpaev's Homeland: қазақ халқының ардагер ұлы академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналады. 1899-1999. Фотоальбом / М. Сәрсек.; құраст. О. В. Таланова; фот. В. Бугаева, О. Белялова ж. б. - Алматы [т. б.]: Жібек Жолы, 1999. - 335 б.

"III Сәтбаев оқулары" атты жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың ғылыми конференциясының материалдары=Материалы науч. конф. молодых учёных, студентов и школьников "III Сатпаевские чтения": 20 томдығы / бас. ред. проф. Е. М. Арын. 1 т. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2003. - 308 б.

Қаныш Сәтбаев. Кіт. 25 / бас. ред. Е. М. Арын.- Павлодар: ЭКО, 2003.- 205 б.

Сәрсек, М. Таңдамалы шығармалары: Сәтбаев планетасы: ғұмырнама роман / М. Сәрсек. 4 т. - Астана: Фолиант, 2006. - 623 б.

"VIII Сәтбаев оқулары" атты жас ғалымдар, студенттер және оқушылардың халықаралық ғылыми конференция материалдары=Материалы междунар. науч. конф. молодых учёных, студентов и школьников "VIII Сатпаевские чтения": 20 томдығы / бас. ред. проф. Е. М. Арын. 2 т. - Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2008. - 467 б.

Сәрсек, М. Қаныш Сәтбаев: роман-эссе / М. Сәрсек. - Астана: Фолиант, 2008. - 646 б.

Қазақ тарихындағы Ұлы тұлғалар: 38 портреттер. - Алматы: Өнер, 2009. - 38 парақ.

Сұлтанов, Қуаныш. Заман және замандастар: мақалалар, эссе, портреттер, очерктер / Қ. Сұлтанов. - Астана: Елорда, 2009. - 343 б.

Телеген Досмағамбетов=Tolegen Dosmagambetov: фотоальбом / фотоальбомның құраст. авт. О. Прокопьева. - Алматы: Өнер, 2009. - 151 б.

Сәрсек, М. Шығармалары: 7 драма, солар төңірегіндегі китүрқы оқиғалар.: Нашар пьеса 500 рет қойылмайды / М. Сәрсек. 1 т. - Астана: Фолиант, 2013. - 510 б.

Қазақ баспасөзінің фотошежірешілері (12 ардагер фотографтың 20-ғасырдағы тарихи суреттері): фотоальбом / құраст. А. Әбдірайым.- Алматы: Өнер-21ғасыр, 2013. - 239 б.

Қожакеев, Т. Шығармалары: Тәуелсіздік-тамаша табысымыз. Тараз тарихынан тамшылар. Тұлғалар / Т. Қожакеев. 1 т. - Алматы: Айғаным, 2014. - 285 б.

Сәрсек, М. Шығармалары: ғұмырнама роман: Біртуар Бөкетов / М. Сәрсек. 5 т. - Астана: Фолиант, 2015. - 535 б.

Тарихи тұлғалар: жалпы орта білім беретін мектептерге арналған көмекші құрал / құраст. Р. Шимашева, К. Ерешева, З. Әсемжанова, О. Өтебаева, Қ. Қойшыбаева. - Алматы: Өлке, [ж. ж.]. - 30 портр.

Баймурзина, Т. К. М. Сәрсек. "Қаныш Сәтбаев" роман эссе: [жазушы М. Сәрсекеевтың ғалым Қ. Сәтбаевтың өмірі жайлы сабақ] / Т.К. Баймурзина // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2020. - № 5. - 102 - 109 б.

Ибадуллин, Т. Алатаудай ағаларды көп көрдім...: [ғалым Қ. Сәтбаев пен Ш. Шөкин туралы естелік] / Т. Ибадуллин // Saryarqa samaly. - 2020. - 30 қаңтар. - 17 б.

Қоғабай, Ж. Сәтбаевтар әулеті де қуғындалған: [саяси қуғын-сүргін құрбандары] / Ж. Қоғабай // Saryarqa samaly. - 2020. - 28 мамыр. - 17 б.

Сәтбаевтың Жеңіске қосқан үлесі: [академик Қ. Сәтбаев жайлы] / Қ.И. Сәтбаев мемориалдық музейі архивінен // Saryarqa samaly. - 2020. - 6 маусым. - 10 б.

Пазылов, Ә. Қаныш аға негізін қалаған музей: [академик Қаныш Сәтбаевтың ҚР Ұлттық ғылым Академиясының құрылғанына қосқан үлесі] / Ә. Пазылов // Saryarqa samaly. - 2020. - 10 желтоқсан. - 18 б.

Қанатбекұлы, Н. Атақты жерлестеріміздің есімдері асқақтады: [Павлодар облысында туып-өскен, елімізге танымал бірқатар тұлғалардың есімдері жаңғыруда] / Н. Қанатбекұлы // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 18 наурыз. - 6 б.

Айтмұхамбетова, Бақытжамал. "Абай жолының" бағасын бірінші берген Қаныш еді: [Академик Қ. Сәтбаев мемориалдық музейі туралы] / Б. Айтмұхамбетова // ANA TILI. - 2021. - 8 - 14 сәуір (№ 14). - 6 б.

Жапаров, Әнуар. Қаныш ұйымдастырған мектеп: [12 сәуір - Академик, геолог ғалым Қаныш Сәтбаевтың туған күні] / Ә. Жапаров // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 10 сәуір. - 8 б.

Шыныбеков, Жеңіс. Бір ауылды аштықтан алып қалған академик: [Академик Қ. Сәтбаев туралы] / Ж. Шыныбеков // ANA TILI. - 2021. - 29 сәуір - 5 мамыр (№ 17). - 1, 5 б.

Сахаба, Тілеуберді. Академик тұтынған заттар: [Баянауыл ауданындағы Қаныш Сәтбаевтың мемориалдық музей үйінде ғалымның тұтынған заттары көптен сақталған] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 10 сәуір. - 12 б.

Сахаба, Тілеуберді. Қазыналы Қаныш аға: [Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, минералогия ғылымдарының докторы, профессор, академик Қ. Сәтбаевтың 12 сәуір - туған күніне орай С. Торайғыров атындағы облыстық кітапханада еске алу шарасы өтті] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 15 сәуір. - 6 б.

Еспенбетов, Арап. Сәтбаев планетасын зерттеген қаламгер: [Академик Қ. Сәтбаевті зерттеуші жазушы, ғалым М. Сәрсекеев туралы] / А. Еспенбетов // Қазақ әдебиеті. - 2021. - 12 ақпан (№ 6). - 1, 6 - 7 б.; SARYARQA SAMALY. - 2021. - 13 мамыр. - 14 б.

Елшібек, Жанат. Күнді алақаныңмен жаба алмайсың: (Эссе-ойтолғақ) / Ж. Елшібек // ANA TILI. - 2021. - 10 - 16 маусым (№ 23). - 1, 3 б. Жалғасы бар.; ANA TILI. - 2021. - 17 - 23 маусым (№ 24). - 6 - 7 б.

Сәрсеке, Медеу. Медеу Сәрсеке, жазушы: Қаныш Сәтбаев кітабының қазақшасы он төрт жылдан кейін жарық көрді: [Жазушы М. Сәрсекемен ғалым Қ. Сәтбаев туралы жазылған "Қаныш Сәтбаев" роман-эссесінің шығу тарихы туралы әңгіме] / М. Сәрсеке.; Әңгімелескен Азамат Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 2 шілде. - 9 б.

Әбіш, Маржан. Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші бой көтерді: [Нұр-Сұлтан қаласында ғалым Қ. Сәтбаевқа ескерткіш орнатылды] / М. Әбіш // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2021. - 5 шілде. - 6 б.

Академик ескерткіші - Нұр-Сұлтан төрінде!: [Нұр-Сұлтан қаласында жерлес академик, ғалым, геолог Қаныш Сәтбаевтың ескерткіші ашылды] // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 6 шілде. - 2 б.

Қазақшасы он төрт жылдан кейін жарық көрді: ["Сәтбаев" кітабы туралы зерттеуші жазушы, ғалым М. Сәрсекеевпен әңгіме] / Әңгімелескен Азамат Есенжол // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 22 шілде. - 14 - 15 б.

Айтұлы, Несіпбек. Қаныш: (Поэма) / Н. Айтұлы // Жас АЛАШ. - 2021. - 17 тамыз. - 6 - 7 б.; Naizatas. - 2021. - № 5. - 4 - 22 б.

Қапанұлы, М. Академик ескерткішіне тағзым етті: [Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай биылғы шілде айында Елордамызда Қазақ Ғылым академиясының негізін қалаушы және алғашқы Президенті, академик Қаныш Сәтбаевқа арналған ескерткіш ашылғаны мәлім] / М. Қапанұлы // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 18 қыркүйек. - 3 б.

Оспанұлы, С. Санқырлы академик Сәтбаев: [Павлодар облысының атақты геолог-ғалымы, академик Қ. Сәтбаевтың еңбегі туралы] / С. Оспанұлы // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2021. - № 10. - 42 - 50 б.

Айтмұхамбетова, Бақытжамал. Қаныштың жомарт ұрпағы: [Академик Қ. И. Сәтбаевтың қызы медицина ғылымының докторы Хайниса туралы] / Б. Айтмұхамбетова // ANA TILI. - 2021. - 16 - 22 желтоқсан (№ 50). - 8 б.

Зейнулина, Айман. Сәтбаев және сөз өнері: Бүгін - Академик Қ. Сәтбаевтың туған күні / А. Зейнулина // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 12 сәуір. - 5 б.

Тың идеялар алаңы: [Торайғыров университетінде белгілі ғалым, геолог және Қазақ Ғылым академиясының тұңғыш президенті Қ. Сәтбаев атындағы халықаралық ғылыми конференция өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 14 сәуір. - 2 б.

Асенқанов, Б. Естен кетпес екі кездесу: (Академик Еділ Ерғожиннің естелігінен) / Б. Асенқанов // ANA TILI. - 2022. - 14 - 20 сәуір (№ 15). - 9б.

Бейсебаева, Ақмарал. Сәтбаев университетіндегі Ғылым мерекесі: [Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде академик Қ. И. Сәтбаевтың туған күніне орай бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды] / А. Бейсебаева // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2022. - 15 сәуір (№ 15). - 17 б.

Әлиман, Жәнібек. Тасқа таңбаланған тағылым: [Астанадағы Қ. Сәтбаев ескерткішінің айналасына "Ұлылар сөзі" атты гранит сынтастар композициясы қойылды] / Ж. Әлиман // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 17 қазан. - 12 б.

Жүнісқали, Шамшат. "Даланың дана ұлы": [Ақсу қаласындағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназияға көрнекті ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының негізін қалаушы Қ. Сәтбаевтың есімі берілді] / Ш. Жүнісқали // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 29 желтоқсан. - 7 б.

Думанқызы, Аяулым. Сәтбаев музейі - жас ұрпаққа өнеге: [Ұлттық ғылыми академиясындағы академик Қ. И. Сәтбаевтың мемориалдық музейі туралы] / А. Думанқызы // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 12 қаңтар. - 24 б.

Сапарғалиев, Сансызбай. Асылдың сынығы: [Академик Ә. Марғұланның қызы Д. Әлкейқызы Баянауылдағы Қ. Сәтбаев мемориалдық музейіне құнды жәдігерлер тапсырды] / С. Сапарғалиев // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 27 қаңтар. - 14 б.

Аханбайқызы, Айгүл. "Қаныш" фильмі көрерменге жол тартты: [Академик Қ. Сәтбаев туралы "Қаныш" фильмі көрерменге жол тартты] / А. Аханбайқызы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 2 ақпан. - 11 б.

Төлебай, Махаббат. "Қаныш" фильмі - кинотеатрда: [Павлодар қаласындағы "Festival Cinema" кинотеатрында белгілі ғалым, геолог Қаныш Сәтбаевтың өмір жолын баяндайтын "Қаныш" фильмінің жабық көрсетілімі өтті] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 14 ақпан. - 3 б.

Сапарғалиев, Сансызбай. Жәдігерлермен толықты: [Қаныш Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейі рухани орданың қорын тың жәдігерлермен толықтыру жұмысын жүйелі ұйымдастыруда] / С. Сапарғалиев // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 23 ақпан. - 10 б.

Қапанұлы, Мұрат. Қаныш ағаның коллекциясы: [Ertis музейінде Қаныш Сәтбаевтың пайдалы қазбалар үлгілерінен тұратын бай коллекция бар] / М. Қапанұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 31 наурыз. - 16 б.

Сыдықов, Ұлықпан. "Менің халқым менен де биік": [Академик Қ. Сәтбаев туралы] / Ұ. Сыдықов // ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. - 2023. - 31 наурыз (№ 13). - 1, 4 - 5 б.

Сапарғалиев, С. Қаныштың домбырасы: [Баянауыл ауданындағы Қ. Сәтбаев атындағы мемориалдық музейде академиктің қолданған домбырасы сақталған] / С. Сапарғалиев // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 4 сәуір. - 12 б.

Қанатбекұлы, Н. Қанышына құрмет - бәрімізге парыз: [12 сәуір - ғұлама академик Қ. Сәтбаевтың туған күні] / Н. Қанатбекұлы // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 11 сәуір. - 5 б.

22 сәуір

Серік Имантайұлы Жақсыбаевтың туғанына 90 жыл (1934-2018)



Жақсыбаев Серік Имантайұлы Новосібір облысы Довольное ауданы Довольное ауылында дүниеге келді. Тау-кен инженері, өлкетанушы, профессор Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Арғын тайпасының Сүйіндік руының Қаржас бөлімінен шыққан. Павлодар қаласында Абай атындағы қазақ орта мектебін (1952), Алматы қаласындағы Қазақ тау-кен металлургия институтын (қазіргі Қаныш Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, 1957) бітірген. Қарағанды қаласындағы №31 шахтада тау-кен шебері (1957- 58), Екібастұз қаласындағы тас көмірді ашық әдіспен өндіретін кәсіпорындарында тау-кен шебері, нормалаушы, бөлім бастығы (1958-69), Екібастұз қаласы партия комитеті өндіріс-көлік бөлімінің меңгерушісі (1969-70), Екібастұз тас көмір бассейніндегі «Богатырь» көмір қимасында еңбек және жалақы бөлімінің бастығы, бас экономист, директордың экономика жөніндегі орынбасары (1970-94) болып жұмыс істеді. 1963-67 жылы «Иртышуголь» тресінің көп таралымды «Угольный Экибастуз» газетінің редакторы міндетін қоса атқарды, 1967-80 жылы Қазақ КСР Жоғарғы сотының халық заседателі болды, 1980 жылы Қазақстан ғылым академиясының Экономика институтында «Роторлы экскаватормен көмір өндірудің экономикалық тиімділігі» атты тақырыпта диссертация қорғап, экономика ғылым кандидаты ғылыми атағын, 1983 жылы КСРО Көмір өнеркәсібінің құрметті қызметкері атағын алды.

1994 жылы зейнеткерлік демалысқа шықты. 1994-008 жылы Қаныш Сәтбаев атындағы Екібастұз инженер-техника институтында проректор, экономика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі болды. 1995 жылдан Екібастұз қаласының Құрметті азаматы. 1997 жылы ҚР Минералдық ресурстар академиясының мүшесі болып сайланды.

72 ғылыми еңбектің, 3 монографияның, 9 кітаптың, оның ішінде «Қаржас ұрпақтары» атты шежірелік-танымдық жинақтың, 627 әр түрлі тақырыптардағы мақалалардың авторы.

2001 жылы Павлодар облысы әкімінің шешімімен «Облыс алдында сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі берілді.

Әдебиеттер:

- Жақсыбаев, С. И. Қазақтың түп тегі туралы / С.И. Жақсыбаев.- Павлодар: ЭКО, 2005. - 143 б.
- Жақсыбаев, С. И. Қаржас ұрпақтары / С.И. Жақсыбаев - Павлодар: ЭКО, 2008. - 400 б.

- Жақсыбаев Серік Имантайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 328 б.

- Жақсыбаев, С. Ләулік тас...: [атақты жерлесіміз, әсем әнші, талантты ақын, дарынды лирик, композитор Е. Беркімбаев туралы] / С. Жақсыбаев // Айдын. - 2005. - № 1. - 86 - 88 б.
- Жақсыбаев, С. Павлодардың аты ойлантады / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2005. - 26 мамыр. - 6 б.
- Жақсыбаев, С. Сұлтанмахмұт Торайғыров: өмірінен екі дерек / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2012. - 2 тамыз. - 14 б.
- Жақсыбаев, С. Атақты жерлестеріміздің туған жылдарын нақтылайық: [жазушы Ж. Аймауытов жайлы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2012. - 28 тамыз. - 12 б.
- Жақсыбаев, С. Жасыбай батырдың тегі кім? / С. Жақсыбаев // Шаһар. - 2013. - 1 ақпан. - 4 б.
- Жақсыбаев, С. Бұқар жырау мен Байық шешеннің айтысы / С. Жақсыбаев. // Сарыарқа самалы. - 2013. - 14 мамыр. - 5 б.
- Жақсыбаев, С. Үкібай би - пірлі тұлға / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2013. - 12 қыркүйек. - 15 б.
- Жақсыбаев, С. Аймауытов қай жылы туған?: [жерлесіміз, жазушы Ж. Аймауытов жайлы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2014. - 29 наурыз. - 6 б.
- Жақсыбаев, С. Данагөй: [Баянаулы өңірінің тумасы Үкібай би Найзабекұлы туралы] / С. Жақсыбаев // Егемен Қазақстан. - 2014. - 10 мамыр. - 6 б.
- Жақсыбаев, С. Абайдың соңғы өлеңі: [Семейдегі Абайдың әдеби-мемориалдық музейімен танысу] / С. Жақсыбаев // Егемен Қазақстан. - 2014. - 16 қазан. - 12 б.
- Жақсыбаев, С. "Қоңыр әулиеге" үніліп көрсек...: [Баянаулы өңірінің Қоңыр әулие үңгірі туралы әңгіме] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2014. - 25 желтоқсан. - 19 б.
- Жақсыбаев, С. Ер есімі ұмытылмас: Кеңес Одағының Батыры Қ. Сұрағановқа көше атауы берілсе құп / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2014. - 27 желтоқсан. - 5 б.
- Жақсыбаев, С. Қалқаман батырды ескерсек: [Бұқар жыраудың әкесі Қалқаман батыр жайлы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2015. - 4 шілде. - 9 б.
- Жақсыбаев, С. Үкібай би - өнегелі тарихи тұлға: [Үкібай би жайлы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2015. - 1 қазан. - 15 б.
- Жақсыбаев, С. Бұл өлең кімдікі?: [ақын С. Дөнентаевтың есімін Павлодар қаласының көшесіне берілсе деген әңгіме] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2015. - 22 қазан. - 17 б.
- Жақсыбаев, С. Келіскен істе кемшілік болмайды: Малайсары ескерткішіне байланысты арнайы комиссия құрылуын сұраймыз / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2016. - 16 маусым. - 6 б.
- Жақсыбаев, С. Атауда алшақтықтар аз емес: [география ғылымдарының докторы, ғалым Қ. Сапаровтың "Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы" туралы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2016. - 8 қазан. - 9 б.
- Жақсыбаев, С. Садуақас Шормановты білеміз бе?: [ақын Садуақас Мұсаұлы Шорманов туралы тарихи деректер] / С. Жақсыбаев // Жас Алаш. - 2017. - 9 ақпан. - 8 б.
- Жақсыбаев, С. Жылқы жайлы сөз / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2017. - 16 ақпан. - 16 - 17 б.
- Жақсыбаев, С. Садуақас Шормановты білеміз бе?: [қазақ ақыны С. М. Шорманов туралы] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2017. - 23 ақпан. - 18 - 19 б.
- Жақсыбаев, С. Рухани жаңғыру - қазақтың жаңаруы: ["Рухани жаңғыру" бағдарламасы аясында] / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2017. - 24 қазан. - 4 б.
- Жақсыбаев, С. Қазақтың ұлы жырауы: Бұқар жырау Қалқаманұлының туғанына - 350 жыл / С. Жақсыбаев // Сарыарқа самалы. - 2018. - 18 тамыз. - 7 б.

Соғыстан кейінгі жылдары Павлодар облысы баяу қарқында дамыды. Облыстың экономикалық дамуына 1954 жылғы 5 ақпанда тың игеру жұмыстарының басталуы күшті серпіліс берді. Павлодар облыстық атқару комитеті және Қазақстан Компартиясы Павлодар обкомының бюросы «1954-1955 жылдары тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» Қаулысы қабылданды. 25 ақпанда Павлодарда жаңа жерлерді өз еркімен игергісі келетін жастардың жиналысы өтті. 28 ақпанда Павлодар қаласына Алматыдан тың игерушілердің алғашқы отряды келді. 6 наурызда тың игеруге Мәскеуден комсомолдар келді. 1953-1959 жылдары 200 мыңнан астам адам тың игеруге келді.

1954 жылы 13 наурызда ҚазССР Министрлер Кеңесі «Бидай совхоздарын ұйымдастырып және совхоздарда тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен 1954-1955 жылдары бидай өндірісін арттыру туралы» Қаулы қабылдады. 2,5 млн. га тың және тыңайған жерлер игерілді. Егістік алқабы 4 есеге, бидайды сатып алу 14 есеге артты. Павлодар облысындағы тыңда қуатты астық совхоздары пайда болды: «Голубовский», «Комсомольский», «Западный», Ленин атындағы, Куйбышев атындағы, «Пограничник», «Михайловский», «Плодородный», «Агрономия», «Коминтерн» және т.б.

1959 жылы облыс халқы 455 мыңнан астам адамды құрады, 71,1% ауылдық жердің тұрғындары, 25,6% тұрғылықты тұрғындар. Мамандардың саны 5 есеге жуық артты, механизаторлардың саны ұлғайды.

25 сәуір

Александр Иванович Бибиннің
туғанына 85жыл (1939-2009)



Көркемсуретші, кескіндемеші, монументалист, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. Қазіргі Павлодар облысы, Железин ауданы, Береговое ауылында дүниеге келген. Н.В. Гоголь атындағы Алматы көркемсурет училищесін бітірген (1961-1965). Мұғалімдері - А.Ф. Ғалымбаева, М.С. Кенбаев, А.М. Черкасский. Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. 1965 жылдан бері Павлодарда қондырғылы кескіндемемен, сызбамен, монументтік өнермен жұмыс істейді. Кескіндемеші өз композициясында ерекше көркемдік кеңістікті жасады - материалдық әлемі айқын, біздің айналамызға ұқсастығы жоқ, бірақ бізге ерекше таныс; мұндай түрлі түсті қиялдау тек балалық шаққа тән. Бибиннің түрлі түсте еркін өрнектеуі абстракциялық сәндеу ғана емес, белсенді жұмыс құралы. Түрлі түстер тақырыптық картиналардың ерекшелігіне қарай жасалады. Көркемсурет шығармалары ой тереңдігімен және бейне-пластикалық экспрессиямен ерекшеленеді: «Мелодии лета» (1965), «Эхо прошедшего времени» (1967), «Кони и люди» (1967). 90-жылдары туындылары программалық сипатқа ие, ол тақырыптардың ауқымдылығымен, композициялардың мазмұндылығымен, бейне үндестігінің эмоциялылығымен ерекшеленеді: «Купающиеся в радуге», «Кони и солнце» (1991), «Отречение апостола Петра» (1994), «Осенний пир» (1995), «Портрет Е. Евтушенко» (1999).

Кескіндемеші А. Бибин туралы ақын Е. Евтушенко былай деген еді: «Міне, керемет! - мен Павлодарда суретші А. Бибиннің туындыларына қайран қалдым. Бұл әлемдік дәрежедегі суретші. Фантазмагориялық реализм. Жиырмамыншы ғасырдағы раблизандық «Токушы» деп аталатын ұлы картинасы Луврға қоюға да лайық. Бөлшектерінің мұқият қойылуы, эмоциясының жанартаудай өктемділігі, ойының қуаттылығы. Шеберлік, бірінші алғы шарт ретінде, ешқашан ұмытылмайды. Ойының тереңдігі, түрлі түсті бере білуі үйлесімді» (1997).

Әдебиеттер:

Бибин Александр Иванович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 248 б.

Дәуір үні. - Павлодар, ЭКО, 2008. - 35 б.

Төлегенова, Аяулым. Кескіндемелер сыры: [Павлодар облыстық көркемсурет мкзейінде ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Суретшілер Академиясының академигі А. Бибиннің өмірі мен шығармашылығын баяндайтын кітаптың тұсаукесері жасалды] / А. Төлегенова // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 28 сәуір. - 20 б.

29 сәуір

Мәруан Рахметқызы Танашеваның
туғанына 85 жыл (1939-2019)



Танашева Мәруан Рахметқызы Павлодар облысы Железин ауданы Победа ауылында дүниеге келді, химия ғылыми докторы, профессор, Нью-Йорк ғылым академиясының академигі. 1964 ж. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. 1963 ж. осы университетте лаборант, ассистент, аға оқушы, 1974 ж. кафедра доценті болды. 1988 жылдан кафедра профессоры қызметін атқарды. Халық ағарту ісінің үздігі. Танашева М.Р. ғылыми қызметтегі табысы үшін халықаралық жеке грант иегері. Оның жетекшілігімен 12 кандидаттық диссертация қорғалды. Негізгі ғылыми еңбектері анорганик қосылыстар түзетін экстремаль жүйесінің физика-химиялық анализге арналған.

300-ден астам ғылыми жарияланымның авторы, 5 авторлық куәліктің, 5 патенттің иегері. ҚР Халық ағарту ісінің үздігі. Қазақстандағы химияны дамыту үшін халықаралық СОРОС ғылыми қорының сыйлығымен марапатталды.

Әдебиеттер:

Омаров, Т. Т. Бейорганикалық химия: таңдамалы тараулары: оқу құралы / Т.Т. Омаров, М.Р. Танашева. - Алматы: Дәуір, 2008. - 543 б.

Танашева Мәруан Рахметқызы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. - Алматы, 2010. - 345 б.

Танашева Мәруан Рахметқызы // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2013. - 411 б.

Танашева Мәруан Рахметқызы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 678 б.

4 мамыр

Сәлкен Хасенұлы Сұбханбердиннің
туғанына 110 жыл (1914-1986)



Сәлкен Хасенұлы Сұбханбердин Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келді. Жазушы, драматург, фармацевт-ғалым, медицина ғылым докторы (1972), Қазақстанға еңбегі сіңірген фармацевті (1965). Мәскеу медицина институтын бітірген (1959). Сұбханбердин Семейдегі өлкелік фармацевтика техникумы оқу бөлімінің меңгерушісі (1933-1935), директоры (1935-1938), Алматы (1938-1942) және Жамбыл (1942-1945) облыс, республика (1948-1973) дәріхана басқармаларының меңгерушісі, Алматы дәрігерлер білімін жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі (1973-1975) қызметтерін атқарды. Сұбханбердиннің негізгі ғылыми жұмыстары Қазақстандағы дәріхана ісінің даму тарихына арналған. Сұбханбердиннің басшылығымен Дәрігерлер білімін жетілдіру институтында фармацевтика кафедрасы ұйымдастырылды, орта медицина оқу орындарында фармацевтика факультеті, Шымкент қаласында фармацевтика институты, Алматы қаласында фармацевтика факультеті ашылды.

Оның «Дәрі – дертке дауа, жанға шипа» (1965), «Өсімдік дәрі-дәрмек қоймасы» (1968), «Денсаулығыңды ойласаң» (1974, М.Әлімбаевпен бірге) атты еңбектері, «Шындық», «Сатып алған ауру», «Жаңа жандар», т.б. пьесалары «Шындық» атты жинаққа енген (1977).

74 ғылыми еңбектің авторы. 2 рет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

Әдебиеттер:

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақстан әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 481 б.

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 т. - Алматы, 2006. - 90 б.

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. 2 т. - Алматы, 2010. - 331 б.

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. 2 т. - Алматы, 2013. - 387 б.

Сұбханбердин Сәлкен Хасенұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 665 б.

Сұбханбердин, С. Ермұхан досым есімде: [тарих ғылымдарының докторы, профессор Е. Бекмахановтың туғанына 90 жыл] / С. Сұбханбердин // Сарыарқа самалы. - 2005. - 29 қаңтар. - 4 б.

Сұбханбердин, С. Стенокардия: [стенокардия (жүрек демікпесі) туралы] / С. Сұбханбердин // Денсаулық. - 2009. - № 5. - 8 - 9 б.

Сұбханбердин, С. Асқазан-ішек аурулары кезіндегі емдем: [асқазан-ішек аурулары туралы] / С. Сұбханбердин // Денсаулық. - 2012.

Сұбханбердин, С. Өлім алдындағы хат: Мұра / С. Сұбханбердин // Найзатас. - 2013. - № 5. - 163 - 169 б.

4 мамыр

Иван Васильевич Кутурғанын
туғанына 100 (1924-1987)



Кеңес Одағының Батыры Иван Васильевич Кутурга Павлодар облысы, Ертіс ауданы, Корниловка ауылында дүниеге келген. Сегіз жылдық мектепті бітірген соң ауылда еңбек етті. 1942 жылы қыркүйекте әскер қатарына шақырылып, Орел жаяу әскер училищесіне жіберілді. Оларға оқуды аяқтауға тура келмеді - 1943 жылдың ақпанында курсанттар Брянск майданына аттанды. Шайқастарда Беларусь пен Балтық жағалауы елдерінен өтті. Тильзит, Кенигсберг, Данциг және басқа қалаларды алуға қатысты. Ол барлаушы, артиллерист болған. Төрт рет жараланған. 1945 жылы 6-9 сәуірде Кенигсберг қаласына басып кірген жаяу әскердің жауынгерлік құрамаларында болып, 8 ауыр пулеметті, БТР мен жаудың бір топ жауынгерін жойды. Сонымен бірге Кутурга ерекше ерлік пен қаһармандық көрсетті, сол үшін оған 1945 жылы 19 сәуірде Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін И.Кутурга әскерде қызметін жалғастырды. 1950 жылы Рязань әскери автомобиль училищесін бітірген. 1964 жылы подполковник Кутурга запаста болды. Мектепте әскери офицер болып жұмыс істеген. Ертіс ауданы, Суворово ауылындағы көшеге оның есімі берілген.

Әдебиеттер:

Кутурга Иван Васильевич // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 400 б.

10 мамыр

Әлкей Марғұланның
туғанына 120 жыл (1904-1985)



Марғұлан Әлкей Хақанұлы қазақтың ғұлама ғалымы, Бүкілодақтық География қоғамының толық мүшесі, филология ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі. Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген қайраткері, профессор. Туған жері қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы. Ә. Марғұлан 1925-1931 жылдары Ленинградтың Шығыстану институтын бітірді. 1934 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетінің Шығыс бөлімшесінде оқыды. 1926-1930 жылдары КСРО-ның Қазақстан экспедициясы құрамында қазақтардың әдет-ғұрып, тұрмысы мен өнерін зерттеді. 1930 жылы КазКСР Оқу халық комиссариатының жанындағы жаңа алфавит комитетінде ғылыми қызметкер.

Ол қазақ халқының тарихы мен әдебиетін зерттеуге зор еңбек сіңірді. Оның қаламынан туған тарих, археология, этнография, әдебиет және өнер салаларына қатысты ондаған кітап, үш жүзден астам ғылыми зерттеу және жүзден астам энциклопедиялық мақалалар жарық көрді.

Әлкей Марғұланның ұзақ жылғы қоғамдық өмірдегі және ғылымдағы үлкен еңбегі жоғары бағаланып, ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен және бірнеше медальдармен марапатталды.

Әдебиеттер:

Марғұлан, Ә. Х. Ежелгі жыр, аңыздар: Ғылыми-зерттеу мақалалар / Ә.Х. Марғұлан. - Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.

- Марғұлан, Ә. Қозы Көрпеш-Баян сұлу кешені / Ә. Марғұлан. - Алматы: Өнер, 1994. - 30 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Қозы Көрпеш-Баян сұлу кешені: естияр балалар үшін / Ә.Х. Марғұлан. - Алматы: Өнер, 1994. - 30 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.1 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д. А. марғұлан. - Алматы: Алатау, 2007. - 604 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.2 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д. А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2007. - 428 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.3 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2007. - 426 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.4 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2007. - 366 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.5 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2008. - 446 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.7 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2008. - 430 б.
- Қазақстан архитектурасы=Архитектура Казахстана. Т.1: Марғұлан Ә., Бәсенов Т., Меңдікүлов М. Қазақстан архитектурасы / құраст. А. Қ. Қапанов, А. И. Рүстембеков. - Алматы: Өнер, 2010. - 256 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.9 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. - 470 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.10 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алматы-Болашақ, 2011. - 590 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.13 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2012. - 447 б.
- Марғұлан, Ә. Х. Шығармалары. Т.14 / Ә.Х. Марғұлан.; құраст.: Д.Ә. Марғұлан, Д.А. Марғұлан. - Алматы: Алатау, 2012. - 510 б.

- Ғұлама=Тұлға. Тағдыр. Тағылым.- Әлкей Марғұлан туралы естелік мақалалар, деректі әңгімелер, очерктер, өлең-арнаулар. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 254 б.
- Қазақ елінің ғылыми тұлғалары: биобиблиографиялық көрсеткіш=Лидеры науки земли казахской: биобиблиографический указатель / құраст. Т.А. Макаренко, А.Қ. Борналинова ж. б. - Павлодар: ФБО, 2006. - 185 б.
- Мұсатайұлы, А. Тағылым. Археолог Әлкей Марғұланмен кездесуден естеліктер / А. Мұсатайұлы. - Алматы: Өнер, 2007. - 128 б.

- Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 т. - Алматы, 2004. - 368 - 369 б.
- Марғұлан Әлкей // Тұңғыштар / құраст. Ш. Күмісбаев - Алматы, 2007. - 177 - 179 б.
- Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. 2 т. - Алматы, 2010. - 138 - 140.
- Марғұлан Әлкей // Тарихи тұлғалар. - Алматы, 2011. - 112 - 114 б.
- Марғұлан Әлкей Хақанұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 479 - 480 б.

- Хашымқызы, Қ. Археолог тапқан олжалар: ["Ertis" мультимедиялық музейінде ғалым, археолог, тарихшы, өнертанушы және фольклоршы Ә. Марғұланның қолжазбалары, археологиялық олжалары мен жеке заттары сақтаулы тұр] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2020. - 20 ақпан. - 24 б.
- Пазылов, Ә. Қос тұлғаның ғибратты сөздері: [Мәшһүр Жүсіп пен Әлкей Марғұлан - дана әрі дара тұлғалар] / Ә. Пазылов // Saryarqa samaly. - 2020. - 16 маусым. - 9 б.
- Әбілда, Қ. Академиктің домбырасы: [академик Ә. Марғұланның Балқаш қаласындағы тарихи-өлкетану музей қорындағы жәдігерлері туралы] / Қ. Әбілда // Egemen Qazaqstan. - 2021. - 21 қаңтар. - 16 б.
- Сахаба, Тілеуберді. Академик тұтынған заттар: [Академик Ә. Марғұланның Балқаш қаласындағы тарихи-өлкетану музей қорындағы жәдігерлері туралы] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 2 ақпан. - 8 б.

Төлебай, Махаббат. Әлкей Марғұланның жеке дәптері: ["Ertis" мультимедиялық музейінде академик Ә. Марғұланның 1927-1928 жылдары жазылған дәптері бар] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. – 2022. - 15 қаңтар. - 12 б.

Ахмадия, Оралхан. Көрдің бе сен, Баянның шың-құздарын...: [Баянауыл ауданының сакралды картасында таңбаланған қасиетті жерлерге шолу] / О. Ахмадия // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 20 сәуір. - 1, 13 б.

"Әлкей Марғұлан және мәдени мұра": [Павлодар педагогикалық университетінде "Әлкей Марғұлан және мәдени мұра" деп аталатын жаңа кітаптың тұсаукесері өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 14 мамыр. - 20 б.

Ахмадия, Оралхан. Әлкейді әлі зерттеу қажет: [ПМПУ-де "Академик Әлкей Марғұлан еңбектеріндегі қазақ халқының мәдени-тарихи мұрасын зерттеудің өзекті мәселелері" атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті] / О. Ахмадия. EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 17 мамыр. - 10 б.

Мұзафар, Болатбек. Дала даналары: Академик Әлкей Хақанұлы Марғұланның туғанына - 118 жыл / Б. Мұзафар // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 16 маусым. - 14 - 15 б.

Ахмадия, Оралхан. Әлкей Марғұлан есімі берілді: [Павлодар педагогикалық университетіне археология ғылымының негізін салушы, академик Ә. Марғұланның есімі берілді] / О. Ахмадия // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 22 маусым. - 15 б.

Әлкей Марғұлан университеті!: [Павлодар педагогикалық университетіне Қазақстан археология мектебінің негізін салушы академик Әлкей Марғұланның есімі берілді] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 17 қараша. - 17 б.

Оразалы, Торғын. Білім мен ғылым қайнары: [Павлодар педагогикалық университетінің 60-жылдығына орай оқу орнының төріне атақты археолог, академик Ә. Марғұлан бюсті салтанатты түрде ашылды] / Т. Оразалы // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 8 желтоқсан. - 3 б.

Қапанұлы, Мұрат. Құрмет төрінде - қос тұлға: [ППУ-де ғалым, археолог Ә. Марғұланның бюсті мен академик Ә. Бектұров атындағы оқу аудиториясы ашылды] / М. Қапанұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 12 желтоқсан. - 12 б.

Жайықбаев, Нұрбол. Телехикаялар - ұлт қазынасы: [Ғалым Ә. Марғұлан туралы 4 бөлімді "Әлкей. Ғұлама ғұмыр" сериалы эфирге шықты] / Н. Жайықбаев // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 12 қаңтар. - 18 б.

Сапарғалиев, Сансызбай. Асылдың сынығы: [Академик Ә. Марғұланның қызы Д. Әлкейқызы Баянауылдағы Қ. Сәтбаев мемориалдық музейіне құнды жәдігерлер тапсырды] / С. Сапарғалиев // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 27 қаңтар. - 14 б.

Қапанұлы, Мұрат. Әлкейдің күнделігі: [Ertis мультимедиялық музейінде Ә. Марғұланның күнделігі сақтаулы] / М. Қапанұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 8 ақпан. - 12 б.

Негимов, Серік. Мыңжылдықтар шыраушысы: [Академик Ә. Марғұлан туралы] / С. Негимов // ANA TILI. - 2023. - 2 - 8 наурыз (№ 9). - 1, 8 б.

11 мамыр

Әби Сарқыншақовтың туғанына 90 жыл (1934 - 2022)



Жол хабарлау инженері, ҚазССР көлігінің еңбек сіңірген қызметкері. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Павлодар қаласының құрметті азаматы, Павлодар облысының құрметті азаматы. 1956 жылы Ташкент теміржол көлігінің инженерлер институтын бітірген. Еңбек жолын Павлодар бекеті жолдары бойынша кезекшісі болып бастап, кейін Павлодар бекетінің кезекшісі, бекет инженері, пойыз диспетчері, жолдар бөлімінің кезекшісі, Павлодар бекетінің бастығы, Павлодар жолдары бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін атқарған. 1975-1996 жж. - Павлодар жолдары бөлімінің бастығы. 1996 ж. - Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің бас кеңесшісі. 1999 ж. - «Қазақстан темір жолы» РМК бас директорының кеңесшісі (2001 ж.) - «Қамқор» қоғамдық қорының президенті, солтүстік аймақ бойынша «Қазақстан темір жолы» АҚ президенті орынбасарының өкілі (2003 ж.).

Қазақстан Компартиясының қалалық және облыстық комитеттеріне мүше ретінде бірнеше рет, Павлодар обком партиясы бюросына мүше болып, қалалық және облыстық халық депутаттары кеңесіне депутат ретінде, Павлодар қаласы әкімдігінің коллегия мүшесі, Павлодар облысындағы мемлекеттік қызмет жөніндегі Қазақстан Республикасының Агенттігі Кеңесінің

мүшесі. КПСС-тің XXVII съезінің, теміржол көлігі қызметкерлерінің ОК кәсіподақ кеңесінің XXIII съезінде. Қазақстан кәсіподақтарының XVI съезінде делегаты ретінде сайланды.

Әдебиеттер:

Сарқыншақов Әби Сарқыншақұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 632 б.

Сарқыншақов, Ә. Абайды ұлықтау - ұлт мерейі: [Павлодар қаласының көшелерінің атау мәселелері туралы] / Ә. Сарқыншақов // Saryarqa samaly. - 2019. - 18 шілде. - 6 б.

Сарқыншақов, Әби. Еңселі ел боламыз десек...: [ой-пікір] / Ә. Сарқыншақов // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 13 ақпан. - 7 б.

Құрметті теміржолшы Әби Сарқыншақұлы Сарқыншақов өмірден өтті: [Павлодар облысының Құрметті азаматы, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген көлік қызметкері Ә. Сарқыншақов дүниеден өтті] // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 20 қыркүйек. - 15 б.

Сарқыншақов Әби Сарқыншақұлы: [Павлодар облысының Құрметті азаматы, қазақ ССР-нің еңбек сіңірген көлік қызметкері Ә. Сарқыншақов дүниеден өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 20 қыркүйек. - 7 б.

14 мамыр

Әнуар Есмұханұлы Егімбаевтың туғанына 70 жас (1954)



Егімбаев Әнуар Есмұханұлы 14.05.1954 жылы, Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігі Грязновка аулында дүниеге келген. Суретші, КСРО және Қазақстан суретшілер одағының мүшесі. Қазақстан көркемсурет академиясының академигі. 1977 жылы Алматы қаласының Н.В. Гоголь атындағы көркемсурет училищесін бітірген. 1981 жылдан КСРО Суретшілер одағының (1991 жылдан - Қазақстан Суретшілер одағының) мүшесі. 2007 жылдан Қазақстан Республикасы Өнер академиясының академигі. 1977 жылдан бері Павлодар қаласында тұрып, көркем-өндірістік шеберханаларда жұмыс істеген. Негізгі жанр – тақырыптық сурет, пейзаж, портрет.

«Кешкілік» (1979), «Мен және менің ауылым» топтамасының (1980), «Шеше мен ұл» (1982), «Балалық шақ» (1984) мотивтерінің авторы. Бояумен салынған философиялық бағыты басым суреттер: «Баянауыл таулары» (1991), «Қазақ дала мотивтері» (1998,2001), «Далада» (1999), «Үш жүз» (2000).

Қ. Сәтбаев, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, С. Торайғыров, Абай, Бұқар жырау, Қорқыт, Кенесары, Мәди, Едіге би, Шоң би және т.б. атақты адамдардың портретін салған. Бірқатар монументалды еңбектердің авторы: «Каникулдар» (1985), «Арғымақтар» (1986), «Қонақжайлылық» (1992), «Қазақ дала мотивтері» (1993).

Суретшінің жұмыстары Қазақстан және ТМД елдерінің өнер мұражайларында, сонымен қатар шет елдердің жекеменшік коллекцияларында (Канада, Германия, АҚШ, Оңтүстік Корея, Египет, Түркия) сақтаулы.

Әдебиеттер:

Егімбаев Әнуар Есмұханұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 365 - 366 б.

23 мамыр

Кемел Ақышевтың туғанына 100 жыл (1924-2003)



Кемел Ақышев Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келді, археолог, тарих ғылымдарының докторы, қазақ археология ғылымының негізінқалаушылардың бірі. Қазақ КСР-інің Алтын Құрмет кітабына есімі енген. Әскери училищені аяқтаған соң майданға аттанады. 1950 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіреді. ҚазҰУ-ді бітірген соң (1950), Қазақстан ҒА-нда әуелі аспирант, кіші және аға ғылыми қызметкер, кейін 1955-90 ж. Қазақ КСРО ҒА Тарих, археология, этнография институты археология бөлімінің меңгерушісі, 1991

жылдан Әлкей Марғұлан атындағы ҚР ҰҒА Археология институтының бас (негізгі) ғылыми қызметкері болады. 2000 жылы Астана қаласына көшіп, Лев Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде археологиялық реконструкцияның лабораториясын құрады.

1950 жылдардың соңында К.Ақышевтың қазба жұмыстары кезінде табылған сақ дәуіріне жататын Бесшатыр қорымы оның ғылыми өмірбаянынан ерекше орын алады. Көне және орта ғасырлардағы Қазақстан ескерткіштерін әлемдік маңызы зор Есік обасынан табылған «Алтын адам» (б.з.б. V-IV ғасырлар), Бесшатыр (б.з.б. VI-V ғасырлар), Отырар жәдігерлерін ашып зерттеді. Қола, ерте темір дәуірлерінің мәдениеттерін кезеңдеу және мерзімдеу мәселелерін анықтады. Көне Қазақстан тарихының негізгі тұжырымдарын жасауға белсене қатысты. Орталық Азия өркениеті жүйесінде ежелгі Қазақстанның орнын айқындауға елеулі үлес қосты.

220-дан астам ғылыми еңбектің, 14 монографияның авторы.

Әдебиеттер:

Ақышев Кемел // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. т 1. - Алматы, 1998. – 236 б.

Ақышев Кемел // Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. – 31 - 32 б.

Ақышев Кемел // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 149 б.

24 мамыр

Сәбит Дөнентаевтың туғанына 130 жыл (1894-1933)



Сәбит Дөнентаев 1894 жылы қазіргі Павлодар облысында шаруа отбасында дүниеге келген. Жас кезінен ескіше хат танып, кейіннен Павлодар медресесінде оқыды. Мұғалім жалдап, орысша сауатын ашады. 1916 жылы патша үкіметінің қазақтарды тылдағы қара жұмыстарға алу жөніндегі жарлығы бойынша Екібастұз шахтасында, кейін Рига маңындағы майдан шебінде окоп қазу жұмысында болған. Туған еліне қайта оралғаннан кейін Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курста оқыды. 1919-1922 жылдар арасында оқу-ағарту жұмыстарына араласады.

1928 жылдан бастап С. Дөнентаев «Қазақ тілі» газетінің редакциясында жұмыс істеп, барлық күш жігерін қазақ әдебиетін дамытуға жұмсайды.

С. Дөнентаевтың «Қиялым» деген тұңғыш өлеңі 1913 жылы «Айқап» журналында басылып шықты. 1915 жылы Уфа қаласында «Ұсақ-түйек» деген атпен шыққан өлеңдерінің алғашқы жинағы жарық көрді. Ал, 1957 жылы шығармаларының академиялық жинағы шықты.

С. Дөнентаевтың ақындық қызметі екі кезеңге бөлінеді. Бірінші кезеңі - 1912-1918 жылдар арасы, екінші кезең - кеңес дәуіріндегі шығармашылығы, 1918-1928 жылдар арасы.

Ақынның «Заман кімдікі», «Досқа», «Замандастарға», «Балалық» және т.б. өлеңдері халықтың азаттыққа ұмтылу арманын суреттейтін реалистік шығармалар болды.

С. Дөнентаевтың кеңес дәуіріндегі өлең-жырларында өмір шындығы жан-жақты, кеңінен қамтылған. Ақын шығармалары тақырып, жанр, көркемдігі жағынан да әр алуан болып келеді.

С. Дөнентаев өз дәуірінің қоғамдық шындығын кең жырлаған, қазақ әдебиетінің өткір сатиралық стильді қалыптастырған ірі суреткер ақын.

Әдебиеттер:

Дөнентаев С. Бозторғай. - Алматы: Мектеп, 1989. - 144 б.

Дөнентаев С. Ұрпағыма айтарым: өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала, естеліктер. - Алматы: Жазушы, 1989. - 304 б.

Дөнентаев Сәбит. 21-кітал / С. Торайғыров атындағы «Өлке тарихы мен этнографиясын зерттеу орталығы»; Орт. дир. А. Ж. Құдабаев. – Павлодар: ЭКО, 2003. - 128 б.

Дөнентаев Сәбит // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3 т. - Алматы, 2001. - 282 б.

Дөнентаев Сәбит // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 166 б.

Дөнентаев Сәбит // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. - 288 б.

Дөнентаев, С. Бозторғай: [жинағы] / С. Дөнентаев // Сарыарқа самалы. - 2013. - 12 қыркүйек. - 5 б.

Есімханов, Қ. Е. Тарихты іздеудің сыбағасы артық: [қоғам қайраткері Қ. Есімхановпен ақын Сәбит Дөнентаев және әнші Естай Беркімбайұлы туралы сұхбат] / сұхбаттасқан М. Жәнібек / Қ.Е. Есімханов // Saryarqa samaly. - 2020. - 9 қаңтар. - 16 - 17 б.

Қазақ әдебиетінің "Бозторғайы": [ақын С. Дөнентаевтың туындылары мен қаламгер жайлы естеліктер] // Naizatas. - 2020. - № 6. - 22 - 34 б.

Сахаба, Т. Ақын жайлы жинақ: [Ақсу қаласында ақын, аудармашы, журналист, публицист С. Дөнентаевтың шығармашылығына арналған "Ұлы дала дарыны - Сәбит Дөнентаев" атты кітап жарық көрді] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 12 қаңтар. - 8 б.

11 тамыз

Антон Семенович Сорокиннің
туғанына 140 жыл (1884-1928)



Орыс Сібір жазушысы және суретшісі Антон Семенович Сорокин Павлодарда көпес отбасында дүниеге келген. Балалық шағы Павлодарда өтті. 1892 жылы әкесі Омбыға көшуді ұйғарады. Біраз уақыт Антон гимназияға барды. 1905 жылы нағашы жұртына шаруашылық жұмыстарына көмектесу үшін Павлодарға жіберіледі. 1908 жылы Сорокин үйленіп, Омбыға қоныстанды. Омбыда ол әкесінің мүлкінің бір бөлігінің мұрагері болды: ол шәй сататын дүкендер мен қаланың басты көшелерінің бірінде үлкен үйге ие болды. Іске төтеп бере алмаған ол Омбы темір жол басқармасына есепші болып жұмысқа орналасады.

Әдеби қызметін 1902 жылы бастап, 1905 жылы алғашқы шығармаларының бірін Павлодарда жазды. «Золото» пьесасын, «Хохот желтого дьявола» (1909) романын, көптеген әңгіме, очерк, фельетондарды жазды. Сорокиннің қазақ халқы туралы: оның тұрмыс-тіршілігі, патша өкіметі тұсындағы халықтың басынан өткен ауыртпалықтар, 1916 жылғы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы туралы әңгімелері ерекше құнды. Сорокин қазақ тілін жақсы меңгерген.

1928 жылы «33 скандала Колчаку» кітабынан үзінділер басылды. Сорокин ақындық шығармаларымен де танымал. 1917 жылғы революция «Симфония революции» поэмасы мен көптеген өлеңдерінде көрініс тапты. Ол сондай-ақ сценарийлер жазды. Революциядан кейін Сорокин Сібір баспасөзінде белсенді жұмыс істеді, елдің қоғамдық өміріне қатысты.

Әдебиеттер:

Сорокин Антон Семенович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 662 б.

18 тамыз

Қажымұрат Құсанұлы Смағұловтың
туғанына 85 жыл (1939-2009)



Смағұлов Қажымұрат – журналист, ақын-сатирик, Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Ресей, Новосибирск облысында, қазіргі Қарасу ауданы, Верхне-Баяновка ауылында туған. Паводар педагогикалық училищесін (1958) және ҚазМУ-дың журналистика факультетін (1967) бітірген. 1958-62 ж. Ақкөл орта мектебінде мұғалім, 1967-69 ж. Лебяжье және Май аудандарындағы газеттерде әдеби қызметкер, корректор болып жұмыс істеген. Алғашқы өлеңдері «Қызыл ту» газетінде жарияланған. Смағұловтың екі өлеңдер жинағы жарық көрген. Біріншісі ұжымдық «Әзілдегім келеді» (1989), ал екіншісі «Біз бәрін білеміз» (1988) фельетондар жинағы. 3 поэманың авторы: «Тағдырлар», «Жазықсыздар» және «Батырлар туралы жыр». Бұл поэмалардың барлығы 30-жылдардағы сталиндік репрессияның құрбандарына арналған.

Әдебиеттер:

Смағұлов Қажымұрат Құсанұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 659 б.

Смағұл, Қ. Қиын күндер: поэма-роман / Қ. Смағұл // Айдын. - 2006. - № 1. - 3 - 5 б.

Смағұл, Қ. Бұзылған экология: сықақ / Қ. Смағұл // Сарыарқа самалы. - 2007. - 17 қараша. - 6 б.

Смағұл, Қ. Батыр бала: поэма / Қ. Смағұл // Айдын. - 2008. - № 4. - 79 - 96 б.

Смағұл, Қ. Жаңарады, жасарады еліміз: [Астана қаласына арналған өлең] / Қ. Смағұл // Сарыарқа самалы. - 2008. - 5 шілде. - 8 б.

Смағұл, Қ. Тәуелсіздік: [өлең] / Қ. Смағұл // Сарыарқа самалы. - 2008. - 16 желтоқсан. - 4 б.
Смағұл, Қ. Мен туған үй...; Ертіске; Үмітінді, білмеймін, ақтадым ба?: өлеңдер / Қ. Смағұл // Сарыарқа самалы. - 2014. - 19 тамыз. - 7 б.

Қоңыр, Т. Есімдері елге аян...: [Павлодар облыстық "Сарыарқа самалы" газетінің 15 000-ыншы нөміріне орай] / Т. Қоңыр // Сарыарқа самалы. - 2016. - 27 қазан. - 6 б.

Әйтемов, С. Үшеуі де еңбекқор еді...: ["Сарыарқа самалы" газетінің бұрынғы қызметкерлері туралы әңгіме] / С. Әйтемов // Сарыарқа самалы. - 2019. - 15 қаңтар. - 5 б.

5 қыркүйек

Дмитрий Поликарпович Багаевтың туғанына 140 жыл (1884-1968)



Багаев Дмитрий Поликарпович өлкетанушы-фотограф, облыстағы тұңғыш тарихи-өлкетану мұражайының ұйымдастырушысы Дмитрий Поликарпович Багаев Вятка губерниясында шаруа отбасында дүниеге келген. 1897 жылы ауылдық мектепті бітірген. 15 жасар бала матростар бригадасымен жұмысқа барған. Ол атақты көпес-меценат, Павлодар қаласының құрметті азаматы, алғашқы үлескер-кәсіпкер Артемий Деровтың қызметіне орналасты. Бұл кездесу тағдырлы болып шықты. Мұнда ол өзін-өзі тәрбиелеумен қарқынды айналыса бастады, фотосуретке қызығушылық танытты, сол кездегі сәнді кәсіп. Көркем фотосуретке қызығушылық танытып, Омбыға өзінің алғашқы фотосуреттерін сібірлік фотограф Коркинге жіберген ол студент ретінде онымен жұмыс істеуге рұқсат сұрайды. Омбыда екі жыл оқып, Семей губернаторының арнайы рұқсатын алып, 1905 жылы желтоқсанда Павлодарда «Қазақстанды зерттеу қоғамын» құруға негіз болған алғашқы фотосуретін ашты, кейінірек - облыстық тарихи-өлкетану мұражайы.

1912 жылы Багаев фотокөрмеге қатысып, бірінші марапат – Гран-при мен Тамбов фотоқоғамының рецензиясын алды, ал Орыс географиялық қоғамының Сібір бөлімі оны корреспондент-мүшесі етіп сайлады. Қырық жылға жуық уақыт бойы Багаев фотографиясы дербес мекеме ретінде жұмыс істеді, 1936 жылдан бастап «Қазақстанды зерттеу қоғамы» болды. Багаев бар күші мен білімін экспонаттар жинауға, өлкеміздің фото шежіресін жасауға жұмсады, алғашқы өлкетану көрмелерін ұйымдастырды.

Оның фотосуреттерінде Павлодар қаласының құрылыстары, озат еңбеккерлердің, асыл жерлестердің портреттері, этнографиялық очерктер мен қазақ халқының өмірі бейнеленген. 1942 жылы оның бастамасымен Павлодарда тарихи-өлкетану мұражайы құрылды. Д.П. Багаев өмірінің соңына дейін мұражай директоры болып қызмет етті. 2001 жылы Павлодар қаласында Ертіс өңірі тарихының тұңғыш фотографы және шежірешісінің есімімен аталған мұражай-үйдің ашылуы болды. Оның есімімен көше аталған (1991), кеудемүсіні орнатылған (2002).

Әдебиеттер:

Багаев Дмитрий Поликарпович // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 210 б.

Жәрімбет, Н. Багаевтан қалған бағалы шежіре: [Қостанайдағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде павлодарлық фотограф-өлкетанушы Д. Багаевтың көрмесі ашылды] / Н. Жәрімбет // Egemen Qazaqstan. - 2019. - 26 маусым. - 12 б.

Хашымқызы, Қ. Көне суреттер үндестігі: [Г. Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде ашылған көрмеге Румынияның алғашқы фотографы Самоилэ Мырзамен павлодарлық тұңғыш фотограф Д. Багаев түсірген жұмыстары қойылған] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2019. - 19 қазан. - 12 б.

Мақажанова, Қ. Уақытты кестелеген суреттер: (фотошежіреші Д. П. Багаевтың мұрасы туралы) / Қ. Мақажанова // Saryarqa samaly. - 2019. - 2 қараша. - 7 б.

Хашымқызы, Қ. Фотожылнамашы: Д. Багаев музей-үйіне - 30 жыл / Қ. Хашымқызы // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 23 қаңтар. - 12 б.

Аяшинов, Дәурен. Тарихы терең фотопортрет: [Белгілі павлодарлық фотограф Д. Багаевпен түсірілген фотосуреттегі Бүркітбаевтар әулеті жайлы] / Д. Аяшинов // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 9 сәуір. - 10 б.

7 қыркүйек

Рүстембек Бейсенұлы Омаровтың туғанына 105 жыл (1919-1988)



Рүстембек Бейсенұлы Омаров – күйші, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі, 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Павлодар облысы, Лебяжье ауданы, Шарбақты ауылында туған. Омаров Рүстембек домбыра тартуды әкесінен (әнші, күйші әрі домбыра жасаушы шебер болған) үйренген. Белгілі күйші О. Қабиқожаның шәкірті. 1975 ж. Ленинград музыкалық училищесін (1937), Алматы консерваториясын (1951, қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген. Мәскеуде қазақ әдебиеті және өнерінің онкүндігіне қатысқан (1958). Оркестр құрамында КСРО-ның көптеген қалаларында, шетелдерде болып, өнер көрсетті. Оспанов қазақ халқының күй мұрасын, әсіресе Құрманғазы күйлерін, оның орындаушылық дәстүрін жете меңгерген.

1934 жылдан күйші-домбырашы, домбырашылар тобының концертмейстері, Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрінің домбырашы-солисті. Репертуарында Құрманғазы, Тәттімбет, Дина, т.б. композиторлардың күйлері болды. И. Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің құралғанына 10 жыл толу қарсаңында қазақ ұлт аспаптар оркестріне Рүстембек Омаровтың есімі берілген (2017).

Әдебиеттер:

Омаров Рүстембек // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7 т. - Алматы, 2005. – 126 б.

Омаров Рүстембек // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. – 490 - 491 б.

Омаров Рүстембек // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 539 б.

Оразалы, Торғын. Есімі - елдің жадында: [Музыкалық колледж - балаларға арналған мектеп интернат кешенінде ҚазКСР Халық әртісі, күйші-домбырашы Рүстембек Омаровтың шығармашылық мұрасы кабинеті ашылды] / Т. Оразалы // SARYARQA SAMALY. - 2021.- 21 қыркүйек. - 7 б.

Шакрат, Сержан. Фашистерден құтқарған домбыра: [Күйші домбырашы, Қазақ КСР-нің Халық артисі Рүстембек Омаров туралы] / С. Шакрат // ANA TILI. - 2021. - 11 - 17 қараша (№ 45). - 5 б.

21 қыркүйек

Халел Арғынбайұлы Арғынбаевтың туғанына 100 жыл (1924-1998)



Халел Арғынбаев - ғалым, тарих ғылымдарының докторы (1976), профессор (1982), 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан, Павлодар облысы Баянауыл ауданында туды. ҚазПИ-ді (1951, қазіргі ҚазҰПУ) бітіргеннен кейін Талдықорған облысы Жаркент қаласында педагогика училищесіде мұғалім, 1957 жылдан Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих, археология және этнология институтының кіші, аға ғылым қызметкері, этнологиялық бөлімінің меңгерушісі, институттың бас ғылым қызметкері болды. Қазақ халқының тарихи этнографиясын (көшпенділік, мал шарушылығы, қолөнері оқу ағарту, отбасы) зерттеуге зор үлес қосты.

Осы салада 200-ден астам ғылым еңбектер, 8 монографиялар жазған. 1959-76 жылы Қазақстанның бірқатар облыстарына арнайы ұйымдастырылған этнографиялық экспедицияларды басқарды. Қазақстан және Орта Азия халықтарының тарихи-этнография атласын жасауға ат салысты.

Әдебиеттер:

Арғынбаев, Х. Қазақ халқының қолөнері: ғылыми-зерттеу еңбек / Х. Арғынбаев.- Алматы: Өнер, 1987. - 128 б.

Арғынбаев, Х. Қазақ отбасы: қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу еңбек / Х. Арғынбаев. - Алматы: Қайнар, 1996. - 288 б.

Арғынбаев, Х. Қазақ шежіресі хақында: Ұлы жүздің шежіресі, орта жүздің шежіресі, кіші жүздің шежіресі / Х. Арғынбаев.; құраст. Ә. Пірманов. - : Атамұра, 2000. - 463 б.

Арғынбаев, Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері / Х. Арғынбаев. - Алматы: Қайнар, 2005. - 215 б.

Арғынбаев Халел Арғынбайұлы // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық аңқтамалық. 1 т. - Алматы, 2012. – 287 -288 б.

Арғынбаев Халел Арғынбайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 165 б.

Қадырұлы, Жеңісбек. Қазақтың біртуар этнограф ғалымы: [Тарих ғылымдарының докторы, көрнекті этнограф ғалым Х. Арғынбаев жайлы] / Ж. Қадырұлы // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 13 сәуір. - 20 б.

Боранбаева, Айдана. Рухы биік ұлы перзент: [Г. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінде этнограф, археолог Х. Арғынбаевтың туғанына келесі жылы 100 жыл толуына орай еске алу кеші өтті] / А. Боранбаева // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 20 сәуір. - 10 б.

1 қазан

Жұмабай Ахметовтың
туғанына 105 жыл (1919-2003)



Ахметов Жұмабай – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, халық ағарту ісінің үздігі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, Ұлы Отан соғысына қатысушы. Семей педагогикалық техникумын (қазіргі Семей мемлекеттік университеті) бітірген. 1938-76 ж. педагогикалық қызметтерде, 1946-50 және 1960-64 ж. Павлодар обласында партиялық жұмыста болды. 1976-90 ж. ҚазПИ-дің(ҚазҰПУ) жанындағы жалпы білім беретін мектептер директорларының білімін көтеру факультетінің директоры, 1957-60 ж. Баянауыл ауданының партиякомитетінің бірінші хатшысы болып істеген. Отан соғысы Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Ахметов Жұмабай // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 180 б.

4 қазан

Бейсенбай Кенжебаевтың
туғанына 120 жыл (1904-1987)



Бейсенбай Кенжебаев (04.10.1904, Бөген ауылы, Ордабасы ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы – 17.07.1987, Алматы қаласы) – ғалым, филология ғылымының докторы (1959), профессор (1961). 1925 жылы Мәскеудегі Шығыс еңбекшілері коммунистік университетін, Әдебиет институтының 2-курсын, 1942 жылы ҚазМУ-ды (қазіргі ҚазҰУ) бітірген. «Жас қайрат», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш», 1923–28), «Кеңес туы» (1929–30), «Оңтүстік Қазақстан» (1932–33), «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан», 1928–29, 1931–32, 1933-35), т.б. газет-журналдарда бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор, 1938-1941 – «КСРО Жоғарғы Кеңесінің Ведомостарында» аудармашы, 1941-1944 – Қазақстан мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып қызмет істеген. 1961 жылдан ҚазМУ-да кафедра меңгерушісі, 1975-1987 жылдары осы университетте профессор болды.

«XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың демократ жазушылары (монография бойынша)» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Кенжебаев – қазақ әдебиетінің мәселелеріне, қазақ баспасөзінің тарихына арналған іргелі еңбектердің, Абай, С.Торайғыров, Жамбыл Жабаев, М.Сералин, М.Әуезов, С.Шәріповтің өмірі мен шығармалары туралы зерттеулердің авторы. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығын, «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясын» (1967) жариялады. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинау, жүйелеу, зерттеумен айналысты. Кеңестік кезеңде коммунистік идеологияға орай, қазақ әдебиетінің тарихы Бұқар жыраудан (XIX ғ.) басталады деген жаңсақ пікірді теріске шығарып, оның Орхон-Енисей жазбаларынан басталатындығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді.

Әдебиеттер:

Кенжебаев, Б. Асау жүрек: әңгімелер / Б. Кенжебаев. - Алматы: Жазушы, 1975.- 168 б.

Кенжебаев Бейсенбай // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. - Алматы, 2009. - 493 б.

Кенжебаев Бейсенбай // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. Т1. - Алматы, 2012. - 577 б.

Кенжебаев Бейсенбай // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 379 б.

10 қазан

Арықтай Қайыпұлы Қайыповтың
туғанына 110 жыл (1914-1993)



Қайыпов Арықтай Қайыпұлы Павлодар облысы Баянауыл ауданы Қарақұдық ауылында дүниеге келген. Геология-минералдық ғылымдарының докторы (1964), профессор (1968), Қазақстан ғылым академиясының академигі (1972). Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері (1971), Қ.И.Сәтбаевтың шәкірті. Қазақстанның және Орта Азияның металлогениялық картасын құрастырушылардың бірі. Қазақ тау-кен және металлургия институтын (1939, қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) және аспирантурасын (1943) бітірген. 1939 жылы КСРО ғылым академиясының Қазақ бөлімшесіне қарасты Шұбартау геология партиясын басқарды.

1943–93 жылдары Қазақстан ғылым академиясының Геология ғылымдар институтында кіші, аға ғылыми қызметкер, сектор жетекшісі, институт директорының орынбасары (1964–66), бөлім меңгерушісі болды.

Арықтай Қайыпұлының негізгі ғылыми жұмыстары металлогения саласына арналған. Орталық Қазақстанда Ақмая сирек металл кен орнын ашқан. Арықтай Қайыпұлының Ашысай және Зырянов кендерінде жүргізген зерттеулері жаңа кентас қабаттарын табуға, кендердің жалпы қорын анықтауға мүмкіндік беріп, Алтай қаласында қорғасын комбинатының салынуына негіз болды. Комбинаттың жаңа шикізат қорын тауып, үздіксіз жұмыс істеуіне үлкен үлес қосты.

Оның Жетісу Алатауында, Шығыстағы Миөзек – Құсмұрын металлогениялық белдемінде, Солтүстік Қазақстан мен Сарыарқа аудандарында жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде алтынның, мыстың, полиметалдың өндірістік кендерінің төм. палеозойдағы жанартаулық жыныстармен байланыстылығы Қазақстан аумағында алғаш рет анықталды.

Бұрынғы еңбектері бойынша докторлық диссертация қорғады. Арықтай Қайыпұлының басшылығымен 11 томдық «Металлогения Казахстана» монографиясы жарық көрді (1977–83). КСРО Мемлекеттік сыйлық лауреаты (1985). Халықтар достығы орденімен, медальдармен марапатталған. 200-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

Әдебиеттер:

Қайыпов Арықтай Қайыпұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. - Алматы, 2009. - 62 б.

Қайыпов Арықтай Қайыпұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 425 - 426 б.

13 қазан

Көшербай Мұқановтың
туғанына 95 жыл (1929-1996)



Мұқанов Көшербай Ақсу қаласының Құркөл ауылында дүниеге келді. Геологиялық-минералды ғылымының докторы, профессор. Мәскеудің геологиялық барлау институтын бітірген. 1953 ж. КСРО ҒА Геологиялық институтының аспирантурасында оқып, 1956-60 ж. кіші ғылыми қызметкері болған. 1960 ж. академик Қ.И. Сәтбаевтың шақыруы бойынша Қазақстан ҒА-ның Геологиялық ғылымдары институтына ауысып, лаборант меңгерушісі (1964-70 ж), аға (1970-72 ж.), жетекші (1991-92 ж.) ғылыми қызметтер атқарған. Орталық Қазақстандағы полиметалл кен орындарын зертеумен айналасты. Оның жетекшілігімен күміс геохимиясы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. Кейіннен ол жергілікті іздеу жұмыстарының геохимиялық критерийлерін белгілеу және Атасу типті минералдануын болжау мақсатында Атасу кенді аймағының (Жәйрем, Бестөбе, Үшқатын және т.б.) геохимиялық ерекшеліктерін зерттеді. «Технологиялық геохимия» деген үлкен тақырыпты зерттеушілердің бірі болды.

Докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңестің ғылыми хатшысы, Қазақ КСР Ғылым академиясы президенті жанындағы кен түзу жөніндегі ғылыми кеңестің мүшесі, Қазақ КСР Геология министрлігінің геохимия бойынша кураторы болды. КСРО

Геология министрлігі мен КСРО Ғылым академиясы жанындағы геохимиялық әдістер жөніндегі ведомстваралық кеңестің мүшесі.

120-дан астам ғылыми еңбектің, оның ішінде 4 монографияның авторы, 10 ғылыми баяндаманың бірлескен авторы.

Әдебиеттер:

Мұқанов Көшербай // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2013. – 156 б.

Мұқанов Көшербай // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 500 б.

21 қазан

Дәмет Бабыбекқызы Қарашашеваның туғанына 75 жыл (1949-2020)

Дәмет Бабыбекқызы Қарашашева Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Шідерті ауылында дүниеге келген. Мектепті 1966 жылы тәмәмдап, Семей педагогикалық институтын 1972 жылы бітіріп шықты. Ақкөл орта мектебінде химия және биология пәндерінен сабақ беріп, мектептің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары қызметін атқарды. 1977 жылдан бастап аудандық газетте редактордың орынбасары болып істеді. 1982 жылы Алматы жоғары партия мектебін журналистика мамандығы бойынша бітіріп шықты. Сол жылдардан бастап, партия, кеңес қызметінде, журналистика саласында жұмыс істеді. Облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде Екібастұздағы меншікті тілші болып жүріп, 2001 жылы «Павлодартелерадио» мекемесіне бас редактор болып ауысты.

Мектепте жүрген кезінен өлең жазумен шұғылданып, өлеңдерді сол кездегі «Лениншіл жас», «Семей таңы», «Қызыл ту» газеттерінде, «Сарыарқа», «Жалын», «Жұлдыз» журналдарында жарық көрді. «Семей таңы» газетінде Роллан Сейсенбаев, Ғазиз Сәпиев сынды ағаларымен бірлестік жұмысына қатысып, өлеңдері «Студент бетінде» жарияланды. Алматы жоғары партия мектебінің «Лениншіл» газетінің тілшісі болды. Облыста алғашқылардың бірі болып, Баянауыл ауданының белгілі ақыны, ұлағатты ұстаз Зекебай Солтанбаевпен айтыс өнерін жандандырды. Ол 1980 жылы Қазақстанның 60 жылдық торқалы тойына орай ұйымдастырылған болатын.

2005 жылы «Сезім серпіні», «Екібастұз өлең өрінде», 2007 жылы «Еңбекпен өрнектелген ғұмыр», 2007 жылы «Дара тұлға», 2010 жылы «Партизандар Жылбек пен Жамал», 2011 жылы «Бабалар өнерін жаңғыртқан» атты кітаптары жарық көрді.

Облыстық радио арнайы хабарлармен қоса, оны көркемдейтін роликтерді өлеңмен өрнектеп жазды. Облыстық Павлодар туралы әндер, Астана туралы әндер байқауының бірнеше мәрте жүлдегері.

Павлодар облыстық маслихатының Құрмет грамотасымен, Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Бірнеше рет Мәдениет министрлігінің журналистика саласына сай «Тіл» және «Мәдениет мұра» бағдарламалары бойынша бірінші жүлдеріне ие болған. Облыс әкімі грантының иегері. 2003 жылы өткен республикалық «Қазақстан қара шаңырағым» - атты мұшайрасының жеңімпазы.

Көбіне балаларға арналған әндер және патриоттық тақырыптарда өлеңнің мәтінін жазған.

Әдебиеттер:

Қарашашева, Д. Сезім серпіні / Д. Қарашашева. - Павлодар: ЭКО, 2005. - 288 б.

Қарашашева, Д. Партизан Жылбек пен Жамал / Д. Қарашашева.- Павлодар: ЭКО, 2010. - 161 б.

Қарашашева, Д. Б. Мақтанышым туған жер / Д.Б. Қарашашева. - Павлодар: Дом печати, 2011. - 149 б.

Қарашашева, Д. "Даңқты жерлестер" циклінен: [Павлодар облысының тарихи тұлғаларына арналған өлеңдер] / Д. Қарашашева // Naizatas. - 2019. - № 5. - 172 - 177 б.

Қарашашева, Д. Ежелгі атауына қиянат қылмайық: [Шідерті ауылының атауы туралы әңгіме] / Д. Қарашашева // Saryarqa samaly. - 2020. - 16 қаңтар. - 15 б.

Қарашашева, Д. Партизан Жылбек пен Жамал: [жерлесіміз, Ұлы Отан соғысына қатысқан Ж. Ағадиловтің "Соңғы дәптер" естелігінен] / Д. Қарашашева // Saryarqa samaly. - 2020. - 14 мамыр. - 16 б.

Бақиға көшті бір дарын: [жерлесіміз, белгілі қаламгер, журналист, ақын, қайраткер Дәмет Қарашашеваның рухына] // Saryarqa samaly. - 2020. - 25 маусым. - 21 б.

Дәмет Бабылбекқызы Қарашашева: [71 жасқа қараған шағында өңірімізге белгілі қаламгер, журналист, ақын, қайраткер Дәмет Қарашашева дүниеден озды] // Saryarqa samaly. – 2020. - 25 маусым. - 21 б.

Қасиетова, Қ. Парасатты ғұмыр: [жерлесіміз, белгілі қаламгер, журналист, ақын, қайраткер Дәмет Қарашашеваның рухына] / Қ. Қасиетова // Saryarqa samaly. - 2020. - 25 маусым. - 21 б.

Қобжанова, Г. "Сырлар қалды жазылмай...": [жерлесіміз, белгілі қаламгер, журналист, ақын, қайраткер Дәмет Қарашашеваның рухына] / Г. Қобжанова // Saryarqa samaly. - 2020. - 25 маусым. - 21 б.

6 қараша

Нағымбек Нұрмұхаммедовтың туғанына 100 жыл (1924-1986)



Нұрмұхаммедов Нағымбек Жәлеледдинұлы (1924, Май ауданы – 17.12.1986, Алматы қаласы) – суретші. Қазақстанның халық суретшісі (1974), Қазақ КСР өнеріне еңбегі сіңірген қайраткер (1963). 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Алматы көркемөнер училищесін (1974) және Ленинград сәулет, көркемөнер академиясы жанындағы аспирантурасын бітірген (1961). Әр түрлі жанрлар (сюжет, портрет, пейзаж) бойынша жұмыс істейді. Көптеген көрмелерге қатысқан, оның ішінде 7-еуі дербес көрмелер. Нұрмұхаммедов «Степь горит» (1959), «Папа идет» (1960), флот адмиралы И.С. Исаковтың портреті (1964-65), «Предгорья Алатау» (1966), «Кеңес Одағының Батыры М. Ғабдуллин» (1969), т.б. туындалардың авторы. Оның көптеген жұмыстары шетел көрмелеріне жіберілген.

Қазақ КСР мемлекеті сыйлығының лауреаты (1978).

«Живопись Казахской ССР» (1970), «Мавзолей Ходжи Ахмета Яссауи» (1980) атты кітаптардың авторы.

Нұрмұхаммедов «Құрмет белгісі», 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған (1962), Павлодар облыстық көркемсурет музейіне Нағымбек Нұрмұхаммедовтің есімі берілді (2022).

Әдебиеттер:

Нұрмұхаммедов Нағымбек Жәлеледдинұлы // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. – 785 - 486 б.

Нұрмұхаммедов Нағымбек Жәлеледдинұлы // Ертістің Павлодар өңірі. - Алматы, 2013. – 521 - 522 б.

Әбілда, Т. Халық суретшісінің есімі берілді: [Павлодар облыстық көркемсурет музейіне қылқалам шебері Н. Нұрмұхаммедовтің есімі берілді] / Т. Әбілда // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 8 қараша. - 8 б.

Сахаба, Тілеуберді. Қаныштың қамқорлығын көрген...: [Қылқалам шебері Н. Нұрмұхаммедовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы] / Т. Сахаба // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 22 қараша. - 8 б.

Төлебай, Махаббат. Нағыз еңбектің адамы еді...: [Павлодар облыстық көркемсурет музейінде белгілі суретші, өнер тану кандидаты, кескіндемеші Н. Нұрмұхаммедовке арналған көрме өтуде] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 13 желтоқсан. - 6 б.

Қапанұлы, Мұрат. Музейге суретшінің есімі берілді: [Павлодар облыстық көркемсурет музейіне Халық суретшісі Н. Нұрмұхаммедовтің есімі берілді] / М. Қапанұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 11 қаңтар. - 12 б.

Төлебай, Махаббат. Ұлы суретшінің теңдессіз туындылары: ["ҚазКСР Ғылым академиясы сессиясының кеңейтілген отырысы" деген атаумен жарыққа шыққан Н. Нұрмұхаммедовтің туындысы] / М. Төлебай // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 17 қаңтар. - 12 б.

Есенжол, Азамат. "Әкем келеді": [Қазақ КСР-ның халық Н. Нұрмұхаммедовтің "Әкем келеді" картинасы туралы] / А. Есенжол // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2023. - 1 ақпан. - 14 б.

Исабек, Есенжол. "Шопандардың әңгімесі": [Облыстық көркемсурет музейінде суретші Н. Нұрмұхаммедовтің "Шопандардың әңгімесі" картинасы сақтаулы] / Е. Исабек. // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 21 ақпан. - 12 б.

7 қараша

Мүбәрәк Кәрімұлы Жаманбалиновтың
туғанына 100 жыл (1924-2010)



Мүбәрәк Кәрімұлы Жаманбалинов Павлодар облысы Железин ауданы Тәттімбет ауылында туған. 1931 жылы ата-анасы Новосібір облысына көшіп келген. 1939-1941 жылдары орта ауылшаруашылық Ординск мектебінде оқыды. МТС-те учаскелік агроном болды. Омбы педагогикалық училищесін бітірген (1950). Үш жыл Зыбылғы бастауыш мектепте жұмыс істеді. Ақын алғашқы өлеңдерімен-ақ Қазақстандағы балалар әдебиетінің өкілдеріне, сыншыларына жақсы көзқарас қалдырған. Мүбәрәк Жаманбалиновтың балаларға арналған өлеңдері 1953 жылдан бастап «Қазақстан пионері» газетінде, 1954 жылдан «Пионер» журналында жариялана бастайды. Сол жылдары «Жұлдыз» журналында үлкен әдеби ортада тұсауы кесіліп, ақын деп танылған М. Жаманбалиновтың 1956 жылы «Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиеті» баспасынан "Айнабұлақ" атты тұңғыш жыр жинағы жарық көреді.

1958-1990 жылдар аралығында Павлодар облысының «Қызыл ту» газетінің меншікті тілшісі, 1990 жылы облыстық «Қазақ тілі» қоғамының өзі тұратын Ертіс ауданындағы ұйымының төрағасы болып сайланды.

1991 жылдың 1 қаңтарынан ақын тұратын Ертіс ауданының бұрынғы орыс тіліндегі «Иртыш» газетімен бірге, 2240 данамен екінші газет – қазақ тіліндегі «Ертіс нұры» жарық көреді. Оның алғашқы редакторы болып, сол аудан бойынша «Қазақ тілі» қоғамын басқарып отырған Мүбәрәк Жаманбалинов тағайындалады. Газеттің редакциясын ұйымдастыру мәселесін «Қазақ тілі» қоғамы көтерген еді.

1958 жылдан КСРО журналистер Одағының мүшесі, 1970 жылдан КСРО жазушылар Одағының мүшесі болып бекітілген Мүбәрәк Жаманбалинов балаларға арналған он алты жыр жинақтарының авторы. Атап айтқанда: «Айнабұлақ» (1956), «Сәлем» (1962), «Ертіс лебі» (1963), «Кішкене достарға» (1965), «Менің інім» (1970), «Батыр ұстаз» (1972), «Балғын күндей балақан» (1974), «Толқын» (1979), «Ашық күн» (1984), «Солнечный день» (1987), «Жауқазын» (2001) т.б. кішігірім суретті кітаптары әр жастағы балалардың көңіліне жеткен асыл дүниелер.

1994 жылы қазақ жұртшылығына бейтаныс болып келген жайларды баяндайтын тарихи деректері бар «Сөз сүйектен өтеді», 1995 жылы «Ертіс ауданының тарихы», 1998 жылы «Әйгілі аудан - Ертісім» атты өлкетанымдық тарихи кітаптың I томын жазды. 1998 жылы «Түгел батыр және оның ұрпақтары» атты кітапты өзінің қаламдас досы журналист Бәделхан Айтжанмен бірлесе, сол өңірден шыққан батырлардың, билердің шешендік сөздерін, толғаулары мен тарихи дастан, шежіре–деректерін баяндайды. 2002 жылы «Әйгілі аудан - Ертісім» кітабының II томын екі тілде жинақтап, өз ауданының тарихы, тұрғындарының ата–тегі жөнінде шежіресі бар, жан–жақты мағлұматты деректер жеткізеді. 1999 жылы «Ақшам» деп аталатын жыр жинағы басылды.

Жылдар өткен сайын мәдениет, әдебиет қайраткерлері халқымыздың жоғын жоқтап, барының бағасын асыруды қолға алды. Жұртына жақын ақын бұл бағытты да ұстанды. 2004 жылы өзінің кіндік қаны тамған Железин деп аталатын ауданның тарихы жайында «Жайнаған өңір, жайнаған өмір» және сол жер тұрғындарының отызыншы жылдары бастан кешірген ашаршылық нәубеті жайлы «Аштық азабы» атты деректі поэмалар жазады.

Ақынның тұңғыш ұлы Ғылымиден «Ертіс нұры» газетінің редакторы, ағасымен тел өскен баласы Талап фототілші. Үш ұлдан тоғыз немере көрген.

Ақынның қоғам алдындағы азаматтық борышы үкімет басшылары тарапынан сан мәрте марапатталды. 1987 жылы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, 2001 жылы И. Байзақов атындағы облыстық әдебиет бірлестігінің құрметті төрағасы, 2001 жылдан бастап Ертіс ауданының құрметті азаматы; 2002 жылы Павлодар облысы әкім грантының иегері; Павлодарда Орталық балалар кітапханасына Жаманбалинов Мүбәрәк Кәрімұлының есімі берілген (2019).

Әдебиеттер:

Жаманбалинов, М. Балғын гүлдей балақан: өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ертегілер, мысалдар, дастандар / М. Жаманбалинов. - Алматы: Жазушы, 1974. - 183 б.

Жаманбалинов, М. Толқын: өлеңдер / М. Жаманбалинов. - Алматы: Жалын, 1979. - 95 б.

Жаманбалинов, М. Ақын бала: өлеңдер, ертегілер, аңыздар, шарадалар, жаңылтпаштар / М. Жаманбалинов; пікір жазған Т. Мұқаев. - Алматы: Жалын, 1983. - 64 б.

Жаманбалинов, М. Ашық күн / М. Жаманбалинов. - Алматы: Жазушы, 1984. - 239 б.

Жаманбалинов, М. Өлеңдер, ертегілер / М. Жаманбалинов, Ә. Дүйсенбиев; ред. Қ. Баяндин. - Алматы: Балауса, 1992. - 432 б.

Жаманбалинов, М. Түгел батыр және оның ұрпақтары: тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре-деректер / М. Жаманбалинов, А. Бәделханов. - Павлодар, 1998. - 121 б.

Жаманбалинов, М. Ақшам: өлеңдер / М. Жаманбалинов. - Павлодар: ЭКО, 1999. - 204 б.

Жаманбалинов, М. Жауқазын / М. Жаманбалинов. - Павлодар: ЭКО, 2001. - 207 б.

Жаманбалинов, М. Әйгілі аудан-Ертісім / М. Жаманбалинов. - Павлодар: ЭКО, 2002. - 355 б.

Жаманбалинов, М. Аштық азабы: дастан / М. Жаманбалинов. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 95 б.

Жаманбалинов, М. Жайнаған өңір, қайнаған өмір (Железинка ауданы): өлеңдер / М. Жаманбалинов. - Павлодар: ЭКО, 2005. - 226 б.

Жаманбалинов, М. Алма ағашы: өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар / М. Жаманбалинов. - Алматы: Раритет, 2011. - 286 б.

Жаманбалинов Мүбәрәк Кәрімұлы // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. - 200 б.

Жаманбалинов Мүбәрәк Кәрімұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 330 б.

Бақраденова, А. Мүбәрәк Жаманбалинов: өмірі, шығармашылығы, тілдік ерекшеліктері; монография / А. Бақраденова. - Павлодар: ЭКО, 2009. - 187 б.

Балдырғандарға арналған хрестоматия=Хрестоматия для детей / құраст. Ш. Т. Сәрсембаев; сурет. А. Айтжанов. - Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. - 309 б.

Ибадуллин, Т. Жыр арқауы - Ертіс: [ақын М. Жаманбалинов пен Қ. Ыдырысовтың "Ертіс лебі" және "Ертіс-толқын" жыр жинақтары туралы] / Т. Ибадуллин // Saryarqa samaly. - 2020. - 16 қаңтар. - 14 б.

Баязова, Әлия. "Ертіс Жаманбалиновті оқиды": [Ертіс аудандық орталық кітапханасында 2019-2024 жылдарға арналған "Ертіс Жаманбалиновты оқиды" жобасы жалғасын тапты] / Ә. Баязова // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 16 қараша. - 7 б.

29 қараша

Қанаш Қамзиннің туғанына 105 жыл (1919-1944)



Қанаш Қамзин 1919 жылы 29 қарашада қазіргі Ақсу ауданы Жолқұдық ауылында дүниеге келген. Әке-шешесінен ерте айырылған ол үлкен ағасының қамқорлығында өседі, отбасында бұл үшінші баласы еді. Көп ұзамай ағасы Қанышты Павлодар қаласындағы қазақ балалар коммунасына орналастырады. 1936 жылы үздік оқушы ретінде жұмысшы факультетіне жіберіледі, оны бітірген соң ауылға жолдаманың орнына әскери комиссариаттан шақыру қағазы қолына тиеді. Соғыс басталған күні Қызыл Әскер қатарына шақырылады. Лейтенант Қанаш Қамзин 52-ші атқыштар дивизиясының 429-шы атқыштар полкының 3-ротасында майданның қанша жолдарынан өтіп, 1944 жылы 13 сәуірде Молдавия ССР Тирасполь ауданы Бычек селосының маңында Днестр жағасына жетеді. Полктың алдыңғы шебінде келе жатқан ротаға Днестрден өту, арғы жағындағы плацдарм жасау бұйырылды. 13 сәуірде жаудың артиллерия мен минометтен атқылауы астында көктемде кемерінен шыққан Днестрді кешіп өтіп, дұшпанның алғы шебіне рота басып кіреді.

1944 жылы 13 қыркүйекте Қанаш Қамзинге Днестр өзенін мәжбүрлеу кезінде көрсеткен батылдық үшін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзин мәңгі есте қалды. Молдовада оның есімі қастерлеп еске алынады. Молдованың азат етілуінің 55 жылдығында Қанаш есімі салтанатты жиында ерекше аталды.

Батыр есімі «Жолқұдық» совхозына берілді. Ақтоғай ауылының бір көшесі Батыр атымен аталады. Павлодарда Батыр атындағы көшеде үлкен ескерткіш Қанаш Қамзинге арналған. 1966 жылы Жолқұдық ауылындағы мектепке Қанаш есімі берілді.

Әдебиеттер:

Қанаш Қамзин // Боздақтар. - 3 т. - Алматы, 1994. - 1 т. - 161 б.

Ерманат, А. Қанаш Қамзин есімі берілмек: Ақсу қаласы Алғабас ауылдық округі мен оған қарасты Жолқұдық ауылына жерлесіміз, Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің есімі берілетін болды / А. Ерманат // Saуaрқа samaly. - 2020. - 11 қаңтар. - 10 б.

Бықай, Ф. Гура-Выкулайда Қамзин атында көше бар: [Молдавияның Гуру-Выкулай деревнясында Кеңес Одағының Батыры Қ. Қамзиннің атында көше мен музей ашылған] / Ф. Бықай // Egemen Qazaqstan. - 2020. - 29 қаңтар. - 7 б.

Жайықбаев, Н. Қанаш Қамзиннің "Алтын жұлдызы" Қазақстанға қашан қайтарылады?: [Кеңес Одағының Батыры Қанаш Қамзиннің "Алтын жұлдызы" Мәскеуде жатыр] / Н. Жайықбаев // Saуaрқа samaly. - 2020. - 23 қаңтар. - 6 - 7 б.; Egemen Qazaqstan. - 2020. - 17 наурыз. - 7 б.

Кеңес Одағының Батырлары: [Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Павлодар өңірінен шыққан Кеңес Одағының Батырлары мен "Даңқ" орденінің толық иегерлері туралы мәліметтер] // Saуaрқа samaly. - 2020. - 7 мамыр. - 5 - 8 б.

2 желтоқсан

Сүлеймен Баязитовтың

туғанына 80 жыл (1944 -2020)



Журналист, жазушы, ақын, өлкетанушы, аудармашы, мәшһұртанушы, ұстаз, Қазақстан Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі. 1944 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында, Шанин ауылында дүниеге келген. Большевик орталау мектебін, Шөптікөлдегі механизация училищесін, 1960 жылы Павлодар мал дәрігерлік техникумын және 1984 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінде филология факультетін бітірген. 1963-1967 жылдары әскерде қызмет етеді. 1971-1997 жылдары «Жеңіс» («Баянтау») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, 1997-1999 жылдары «Сарыарқа самалы» газетінің жеке тілшісі және аудармашысы қызметкерін атқарды. 1999-2008 жылдары Павлодар ауданына қарасты Красноармейка орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Аталған мектепте С. Торайғыров атындағы әдебиет бірлестігін құрып, шығарма жазуға, өлең оқуға бейімі бар балалармен жұмыс істеді. 1963 жылдан бері «Жұлдыз», «Жалын», «Ара», «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Тың өлкесі» және т.б. газет-журналдарда басылады. «Бастау», «Жыл он екі ай» өлеңдер жинағының авторы.

С. Баязитовтың «Бастау» (1973), «Жасыбай батыр» (2009), «Хан ием» (2005) атты жыр жинақтары, «Құдіреті күшті бір Алла» атты әңгіме топтамалары, «Елсіздегі елес», екі кітаптан тұратын «Жаралы жердің жанары» атты повестері мен шағын әңгімелері, «Пайымдау», «Көне қазақтың қыңыр қисыны», «Малайсары батырдың соңғы әзілі», «Бәлду, бәлду - бәрі отірік», «Қызылтау-Желтау аясы», «Мәшһұртану өрісі», «Алаш арыстары» жинақтары жарық көрген. «Алаш арыстары» жинағының тұсаукесері Астана қаласындағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында аталып өтті.

С. Баязитов жергілікті орыс ақындары О. Григорьеваның, Е. Игнатовскаяның, орыс, украин, ағылшын әдебиетінің классиктері Ф. Тютчевтің, Л. Украинканың, П. Неруданың, Р. Бехердің, М. Твеннің, В. Ирвингтің өлеңдері мен прозалық шығармаларын қазақ тіліне аударып, облыстық «Айдын», «Найзатас», республикалық «Әлем әдебиеті» журналдарына бастырды.

Ол 1975 жылы жас ақын-жазушылардың Павлодар қаласында өткен республикалық аймақтық кеңесіне қатысты. Облыстық «Қызыл Ту» газеті, облыстық комсомол комитеті бірлесіп ұйымдастырған «Ертіс өрені» жыр додасында жүлделі бірінші орынды жеңіп алды.

Облыстық журналистер сыйлығының лауреаты, 2011 жылы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай оған «Әдебиет және поэзия» номинациясы бойынша облыс әкімінің гранты табыс етілді. 2012 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды. Баянауыл ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді. 2013 жылы облыс грантының стипендияты. Павлодарда С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана құрамына кіретін балалар оқу орталығына Сүлеймен Баязитовтің есімі берілген.

Әдебиеттер:

Баязитов, С. Майлы қалаш: әңгімелер / С. Баязитов. - Алматы: Көркем әдебиет баспасы, 1959. - 87 б.

- Баязитов, С. Құмқаланың қыздары: повестер мен әңгімелер / С. Баязитов. - Алматы: Жалын, 1981. - 135 б.
- Баязитов, С. Күдіреті күшті бір Алла / С. Баязитов. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 76 б.
- Баязитов, С. Жасыбай батыр / С. Баязитов. - Павлодар: ЭКО, 2004. - 58 б.
- Баязитов, С. Жаралы жердің жанары: 2-кітап. 2-ші кітап: Сергелдең / С. Баязитов. - Павлодар: ГОФ "ЭКО", 2006. - 168 б.
- Баязитов, С. Жаралы жердің жанары: 2-кітап. 1-ші кітап: Тамыздағы тамұқ / С. Баязитов. - Павлодар: ГОФ "ЭКО", 2006. - 157 б.
- Баязитов, С. Малайсары батырдың соңғы әзілі / С. Баязитов; сурет. С. Мандыбаев. - Павлодар: ЭКО, 2007. - 103 б.
- Баязитов, С. "Көне қазақтың" қыныр қисыны / С. Баязитов. - Павлодар: ЭКО, 2007. - 36 б.
- Баязитов, С. Пайымдау / С. Баязитов. - Павлодар: ЭКО, 2007. - 99 б.
- Баязитов, С. Бәлду, бәлду-бәрі өтірік / С. Баязитов. - Павлодар: ЭКО, 2010. - 132 б.
- Баязитов, С. Алаш арыстары: өлеңдер, поэмалар, аңыздар, сатирикалық повесть, әңгімелер / С. Баязитов. - Астана: Фолиант, 2012. - 340 б.
- Баязитов, С. Поэмалар мен аудармалар / С. Баязитов. - Павлодар: Сытина баспаханасы, 2014. - 219 б.
- Баязитов, С. Жарылыс: роман / С. Баязитов. - Павлодар: Дом печати, 2016. - 251 б.

Баязитов Сүлеймен // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 229 б.

Сүлеймен Баязитов (02.02.1944 - 06.03.2020): [ақын, жазушы, сатирик, аудармашы, ҚР Жазушылар одағының және Журналистер одағының мүшесі, Баянауыл ауданының Құрметті азаматы Сүлеймен Баязитов өмірден озды] // Saryarqa samaly. - 2020. - 7 наурыз. - 11 б.

Хашымқызы, Қ. Балалар кітапханасы қайта жаңғырды: [С. Торайғыров атындағы облыстық кітапхана құрамына кіретін балалар оқу орталығы замануи стандарттарға сай жаңарып, жерлес қаламгер, ақын Сүлеймен Баязитовтің есімін иеленді] / Қ. Хашымқызы // Saryarqa samaly. - 2020. - 3 желтоқсан. - 1, 20 б.

Айтбайұлы, Т. Балалардың бағбаны болған Баязитов еді: [жазушы С. Баязитов туралы] / Т. Айтбайұлы // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 11 желтоқсан. - 23 б.

Сатыбалдин, Серік. Бергі тарихтың беймәлім беттері: [Жерлесіміз, жазушы Сүлеймен Баязитовтың "Жарылыс" романы туралы] / С. Сатыбалдин // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 28 тамыз. - 9 б.

5 желтоқсан

Жаскен Жиенбаевтың туғанына 110 жыл (1914-1978)



Жиенбаев Жаскен Тайшықұлы (5.12.1914, Баянауыл ауданы – 27.12.1978, Алматы қ.) – ауылшаруашылық ғылыми докторы (1972), профессор. Омбы ауылшаруашылық институтын бітірген (1940). Қазақстанда өсімдік қорғау ғылымын ұйымдастырушы. 2-дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Солтүстік Қазақстан облысының ауылшаруашылық мектебінде директор (1940-41), Майбалық МТС-інің бас агрономы (1941-42), Бал арасы тәжірибе станциясының директоры (1946-47), жаңадан ұйымдастырылған республикалық өсімдіктерді қорғау станциясының (1947-58), ВАСХНИЛ-дің Қазақ бөлімшесі Өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институтының директоры (1958-76), осы институтта бөлімі меңгерушісі (1976-78) қызметтерін атқарған. 1978 ж. Қазақ ауылшаруашылық институтында кафедра меңгерушісі болды.

Жиенбаевтың негізгі ғылыми еңбектері астық дақылдарының (қаракүйе, тат, тамыр шірігі, ақ ұнтақ, т.б.) ауруларын зерттеуге, оларды тежеуге бағытталған шаралар жүйесіне арналған.

Оның 10-нан астам монографиясы мен 50-ден астам өндіріске арналған ұсыныстары жарық көрді. Жиенбаев Қызыл жұлдыз, 2-дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Жиенбаев Жаскен Тайшықұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. – Алматы, 2009. – 431 б.

Жиенбаев Жаскен Тайшықұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 346 б.

13 желтоқсан

Еркін Ғазизұлы Жәкішевтің
туғанына 90 жыл (1934)



Жәкішев Еркін Ғазизұлы (13.12.1934, Ермак (қазіргі Ақсу, Павлодар облысы), заңгер, заң ғылымдарының докторы (1994), профессор (1995). ҚазМУ заң факультетін бітірген (1959). Қарағанды қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы. 1960-61 жылдары прокуратураның тергеушісі, 1961-63 жылдары ҚазҒЗИ сот сарапшыларының аға инспекторы, 1963-67 жылдары Алматы облыстық сотының судьясы, Әлфараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің криминалистика кафедрасының судьясы, 1997 ж. ҚазМУ директорының бірінші орынбасары және кафедра меңгерушісі, ҚазМЗА проректоры.

50-ден астам ғылыми жарияланымның авторы.

Ең ірі басылымдары: «Жыртқыштармен күрестегі криминалистика» (1990 ж.), «Экономикалық сферадағы криминалистикалық әдістемелерді және қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресу құралдарын жетілдіру мәселелері» (1984), «Криминалистикалық тактика» (1997).

Әдебиеттер:

Жәкішев Еркін Ғазизұлы // Қазақстан ғылымы. Энциклопедия. – Алматы, 2009.- 425 б.

Жәкішев Еркін Ғазизұлы // Қазақстан ғалымдары. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2012.- 508 б.

20 желтоқсан

Жүсіпбек Тұрсыновтың
туғанына 110 жыл (1914-1979)

Тұрсынов Жүсіпбек 1914 жылы Ертіс ауданында дүниеге келген. Қазақ актері, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген әртісі (1947). Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан. Алматының театр училищесін бітірген (1937). 1937-1951 жылдары Ақтөбе және Жамбыл облыстық драма театрларында жұмыс істеген. 1952 жылдан Шымкент облыстық драма театрының актері: мұнда А.Тәжібаеваның «Гүлдене бер, дала», С. Адамбековтің «Жарық және көлеңке» спектакльдерін қойды. Өткір мінезді рөлдерді табысты ойнады. Орындаған рөлдері: Махамбет (М.Б. Ақынжановтың «Исатай-Махамбетінде»), Жантық, Жағыпар (Ғ.М.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» және «Амангелді» қойылымдарында), Арыстан, Көбей (М.О. Әуезовтің «Айман-Шолпан» және «Еңлік-Кебегінде»), Керім (М.О. Әуезов пен Л.С.Соболевтің «Абайында»), Қарасай (Б. Майлиннің «Шұғасында»), т.б.

Қызыл жұлдыз орденімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Тұрсынов Жүсіпбек // Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. – 596 б.

Тұрсынов Жүсіпбек // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 698 б.

23 желтоқсан

Павел Васильевтің
туғанына 115 жыл (1909-1937)



Васильев Павел Николаевич (4.01.1910, Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласы – 1937) – орыс ақыны. 1926 ж. Қиыр Шығыс мемлекет университетінде, 1927 ж. Мәскеу жұмысшы факультетінде оқыған. 1928-1929 ж. Сібір мен Қиыр Шығысты аралап, теңізші болды, алтын кенінде жұмыс істеді. 1930-жылдары «Голос рыбака» газетінің Каспий мен Аралдағы арнаулы тілшісі болған. Жазықсыз жазаға ұшырап, қайтыс болған соң ақталған. Шығармалары 1926 жылдан жариялана бастады. Сібір тақырыбына арналған «Алтын барлауында» (1930), «Тайга адамдары» (1931) очерктер жинағы жарық көрген. Васильевтің Арал мен Каспий балықшыларының өмірінен жазылған «Астрахан хаттары», «Еділ атырауында», «Арал», т.б. очерктері бар. Ақын «Жаз»

(1932), «Тамыз» (1933), «Фома шаһзада» (1936), т.б. поэмалар жазған. Васильевтің бүкіл шығармаларынан қазақ ауыз әдебиетінің ықпалы айқын аңғарылады. «Салт аттылар», «Бүркітпен аң аулау», «Серке туралы жыр», т.б. туындылары – соның көрінісі. Бұл шығармалар «Қырғыз-қазақ жырлары» (1932) ұжымдық аудармалар жинағына енген. Оның Мұқан Башметов дейтін лақап есіммен жазған «Бал ашу», «Мен, Мұқан Башметов, бір шара қымыз ішемін» сияқты өлеңдерінде қазақ халқының ұлттық дүниетанымының ерекшелігін көрсетуге талпыныс жасалады. «Ертіс бойында», «Семей түбіндегі бақша», «Қоянды жәрменкесі», т.б. өлеңдерінен ақынның туған жерге деген ыстық сезімі аңғарылады. І. Жансүгіровтің кейбір шығармаларын орыс тіліне аударған.

Павлодар қаласындағы көшелердің біріне (бұрынғы Клуб көшесі) оның есімі берілген. Ақын оқыған педагогикалық училище ғимаратына, өзі тұрған үйге (Павлодар) мемориалдық тақталар орнатылды. 1990 жылдан бастап Павлодарда П. Васильев мұражай-үйі жұмыс істейді. Павлодардағы мұражай ауласында және П. Васильев алаңында ақынның бюсттері бар.

Әдебиеттер:

Васильев Павел Николаевич // Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2005. – 143 б.

Васильев Павел Николаевич // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 265 б.

Алаштуған, Е. Павел Васильев: [ақын П. Васильевтің мен шығармашылығы туралы] / Е. Алаштуған // Қазақ әдебиеті. - 2020. - 12 маусым (№ 23). - 9 б.

28 желтоқсан

Назипа Қабиқызы Демесінованың туғанына 95 жыл (1929-2001)



Демесінова Назипа Қабиқызы (28.12.1929, Ертіс ауданы – 2.06.2001, Алматы қаласы), тілші, филология ғылымының докторы (1982). ҚазМУ-ды (1953, қазіргі ҚазМҰУ) бітірген. 1957 ж. Қазақ КСР ҒА Әдебиет және тіл білімі институтының ғылыми қызметкері. 1963 ж. Қазақ КСР ҒА Әдебиет және тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері. Негізгі ғылыми еңбектері салыстырмалы грамматика мәселелеріне арналған. «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

Әдебиеттер:

Демесінова Назипа Қабиқызы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. – 282 б.

КҮНІ МЕН АЙЫ БЕЛГІЛЕНБЕГЕН

Олжабай Толыбайұлының туғанына 315 жыл (1709-1785)



Олжабай Толыбайұлы (Төлебайұлы) – батыр. Орта жүздің Сүйіндік руынан. Әкесі Толыбай Тәуке ханның билерінің бірі, шешесі есенбике Төле бидің туысқаны Қаратайдың қызы. Толыбай 1723 ж. Жоңғар шапқыншылығы кезінде оққа ұшып, Олжабай нағашысы Қаратай батырдың тәрбиесінде болған. Олжабайдың ерлігі жайлы қазақ аңыздары мен әңгімелер орыс ғалымдары Ф.А. Щербининнің, Н.Я. Коншиннің, Н.С. Смирнова мен Д. Примактың еңбектерінде баяндалған. Аңыз бойынша ол ең алғаш рет Қаратай батырдың туын ұстап, ұрысқа кірген. Олжабай батыр атты халық жырында оны қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресіне белсене қатысушы, халық қамқоршысы ретінде бейнелейді. Олжабай Абылайдың ту ұстаушы батырларының бірі («Ала ту» деген лақап атқа ие болған) ретінде 1735 ж. Түркістан мен Ташкентті жоңғарлардан азат ату жорығына, 1736 ж. Баянауылды Қалдан сереннен босатқан шайқастарға, 1756 ж. қазақ жеріне басып кірген қытай әскерін талқандауға қатысқан. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқынға түскенде, оны құтқаруда елеулі еңбек етті.

Абылай оны «Ер Олжабай», «Қу жарғақ» деп атап, Әбілмәмбет хан оған алтын сапты

қылыш сыйлаған. Олжабай Абылай ханның мемлекет билігін орталықтандырып, нығайту бағытындағы әрекеттеріне елеулі үлес қосқан. Ол Түркістан медресінде оқып, арабша, қалмақша жетік білген.

Академик Ә. Марғұланның естеліктерінде Олжабайдың немере інісі Едіге бимен бірге 1762 ж. Екатерина II-ге хат жазғаны атап көрсетілген. Хатта патшайымнан Ертістің шығыс жағындағы қалың орманнан жайылымдық жер сұрағаны айтылады. Олжабайдың өз қолымен жазып қалдырған «қара кітабы» болған. Онда соғыстар жайлы әңгімеленіп, Қазыбек би, Абылай, Бөгенбай есімдері жиі аталады. Батырдың туы 1937 жылға дейін сақталған. Әйгілі ғалымдар академик Ә. Марғұлан Олжабайдың шөпшегі болса, ақын О. Сүлейменов жетінші ұрпағы.

Әдебиеттер:

Олжабай Толыбайұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 7 т. - Алматы, 2005. - 119 б.
Олжабай Толыбайұлы // Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. - 613 б.

Олжабай Толыбайұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 537 б.

Әжікейұлы, Р. Батырға құрмет - ұрпаққа міндет!: [Олжабай батырға арналған "Бес қару" монументалдық құрылысы атап өтті] / Р. Әжікейұлы. SARYARQA SAMALY. - 2019. - 21 қараша. - 19 б.

Батырларға ескерткіш қойылады: [Биыл Баянауыл ауданының орталығына қазақ даласын жоңғар шапқыншылығынан азат еткен қос батыр - Жасыбай мен Олжабайдың ескерткіші орнатылады] // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 11 ақпан. - 18 б.

Қани, Арман. Ескерткіш те керек, саябақ та қажет!: [Баянауыл ауданы орталығында батыр бабаларымыз Олжабай мен Жасыбайға арналған ескерткіш кешенін мәселесі өткен жылы талқыланып БАҚ-та жарияланған] / А. Қани // SARYARQA SAMALY. - 2021. - 29 маусым. - 4 б.

Ахмадия, Оралхан. Көрдің бе сен, Баянның шың-құздарын...: [Баянауыл ауданының сақралды картасында таңбаланған қасиетті жерлерге шолу] / О. Ахмадия // EGEMEN QAZAQSTAN. - 2022. - 20 сәуір. - 1, 13 б.

Елемесұлы, Алтынбек. Бабалар рухы - төл тарихымызда: [Май ауданына жасаған журналистік өлкетану экспедициясы] / А. Елемесұлы // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 12 мамыр. - 6 - 7 б.

Шоң бидің

туғанына 270 жыл (1754-1836)



Шоң би, Шоң Едігеұлы – Орта жүздің атақты биі. Арғын тайпасының айдабол руынан шыққан, Абылай хан ордасындағы билер кеңесінің беделді мүшесі Едіге бидің ұлы. Әкесі қайтыс болғаннан кейін билікке келіп, қол астындағы халықты төрелердің билігіне қарсы ұйымдастырды. Қазақ даласында хандық билікті жою мақсатында 1816 ж. «Төрт ұлы» одағын жаңғыртады. Одаққа кірген рулардың билері Шоң биді бір ауыздан «Төбе би» деп таниды. 1833-36 жылдары Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны болған.

А. Янушкевич өзінің 1946 ж. Парижде шығарған «Дневники и письма» деген жұмысында: «Шоң би – үлкен адам болған. Ол халықты ақылмен, әділдікпен басқара білген», - деп жазған. Шоң би жөніндегі жазба деректер Ресей архивтерінде көп кездеседі.

Ол жөніндегі халық арасына тараған аңыз-әңгімелер Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде жан-жақты айтылады. Жазушы Қ. Исабай осы тақырыпта зерттеулер жүргізіп «Шоң би», «Серт» атты кітаптар жазды. Павлодар қаласындағы көшелердің біріне Шоң би есімі берілген. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінде жерленген.

Әдебиеттер:

Шоң би, Шоң Едігеұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. - Алматы, 2007. - 533 б.
Шоң би, Шоң Едігеұлы // Қазақ тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. - 747 б.

Шоң би, Шоң Едігеұлы // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 741 б.

Үздік дастаншылар марапатталды: [Павлодар қаласында мемлекеттік тұлға, Баянауыл сыртқы округінің алғашқы сұлтаны Шоң би Едігеұлына арналған жазба ақындар арасында дастан

жазу конкурстың қорытындысы болып өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 26 ақпан. - 12 б.

Шоң би туралы жинақ : [Шоң бидің өмірі жайлы сыр шертетін "Шоқтығы биік Шоң би" дастандар жинағының тұсаукесері өтті] // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 1 наурыз. - 8 б.

Тарихи тұлғаға арналған: Баянауыл аудандық мәдениет үйінде "Шоқтығы биік Шоң би" атты дастандар жинағының тұсаукесер рәсімі өтті // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 24 наурыз. - 17 б.

Елемесұлы, Алтынбек. Шоқтығы биік Шоң би: [Павлодарда облыстық мектеп оқушылары арасында облыстық "Шоң би оқулары" өтті] / А. Елемесұлы // SARYARQA SAMALY. - 2022. - 4 маусым. - 9 б.

Ұрпағы ұлықтаған ұлы тұлға: [Мектеп оқушылары арасындағы облыстық Шоң би оқулары] // SARYARQA SAMALY. - 2023. - 18 сәуір. - 12 б.

Шорман Күшікұлының туғанына 225 жыл (1799-1837)



Шорман Күшікұлы, Шорман би (1799-1837) - төре, аға сұлтан. Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Орта жүз арғынның ішіндегі қаржас руынан шыққан, өз еліне танымал Сәтиұлы Күшік шешеннің ұлы. Шын есімі - Жұмабай. Қуандық руының Қожы төре бастаған жігіттері қаржастардың жылқысын барымталауға келгенде екі жақ сойылдасып, барымташылардан үш адам (ішінде төренің өзі де бар) қаза табады. Мұны естіген Уәли хан қаржастарға қыруар жылқы құн кеседі. Осы даулы, шешімі қиын мәселені өз руының пайдасына шешіп шыққан 15 жасар Жұмабай «бала би» атанды. Бұл жөнінде өз еңбектерінде Ш. Уәлиханов та жазған. Осы оқиғаның тағы бір нұсқасы Шоңмен (Шоң - Баянауыл округінің аға сұлтаны болған белгілі би) байланысты баяндалады. Жұмабай ханнан жеңіспен оралған соң Шоң оған Шорман атағын беріп, қаржас руының төбе биі етіп тағайындаған. Ол төрелерге билік бермеу мақсатымен сүйіндік арасынан хан тұқымын аластау жөніндегі Шоң бидің саясатын қолдап, оны іске асыруға көмектескен.

Шорман бидің «қара қылды қақ жаратын» әділдігі ел аузында аңызға айналған. Оның төрелігіне тек Баяннан ғана емес, бүкіл Кереку өңірінің түпкірінен келетін болған.

Шорман би жер дауын шешу, жалпы қазақтарды жерге орналастыру мәселелері бойынша 1822 жылдан бастап Шоңмен бірге Батыс сібірдегі орталық әкімшілікке бірнеше рет хат жолдайды. Шоңның тапсыруымен Тобыл, Омбы, Кереку, Қызылжар қалалары мен Ірбіт, Үркіт (Иркутск) жәрмеңкелеріне барады. Мұрағатта Шорманның 1830 жылы Омбыға, 1832 жылы Тобылға барып, губернаторға жолыққаны жөнінде дерек сақталған. Баянауыл округі ашылғанда ол аға сұлтанның орынбасары болып тағайындалды да Шоң қайтыс болғаннан кейін оның орнын басты.

Әдебиеттер:

Шорман Күшікұлы, Шорман би // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9 т. - Алматы, 2007. - 537 б.

Шорман Күшікұлы, Шорман би // Қазақ тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы, 2010. - 747 б.

Шорман Күшікұлы, Шорман би // Ертістің Павлодар өңірі. Энциклопедия. - Алматы, 2013. - 740 - 741 б.

Өкпен, К. Шорман бидің аталы сөзі: [Шорман би Күшікұлы] / К. Өкпен // Сарыарқа самалы. - 2018. - 27 қаңтар. - 8 б.

Қабділәшім, Еламан. Ормандай қалың қазаққа, сормандай ездер емес, Шормандай ерлер керек!: [Шорман би Күшікұлының рухына құран бағышталып, ас берілді] / Е. Қабділәшім. // Naizatas. - 2022. - № 4. - 97 - 105 б.

Нухұлы, Алтынбек. Шорман бидің мұрасы мен шежіресіне шолу: [Шорман бидің өмірі мен өнегесі] / А. Нухұлы // Naizatas. - 2022. - № 4. - 106 - 115 б.

Жүсіпбек Аймауытовтың
туғанына 135 жыл (1889-1931)



Аймауытов Жүсіпбек 1889 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында туған. Қазақ ақыны, жазушы, драматург, аудармашы, ғалым, әдебиет зерттеушісі, педагог. Ауылда ескіше хат танып, 1904-1911 жылдары орыс-қазақ мектептерінде оқиды. Баянауылда, Павлодарда және Семейде мұғалімдер семинариясын бітірген (1919). 1911-1914 жылдары ауылдық жерде мұғалімдік жұмыс атқарады. 1917-1919 жылдары Алашорда ұйымына мүше болады. 1919-1922 жылдары Республика халық ағарту комиссариатында коллегия мүшесі, Семей губерниялық оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, 1922-1924 жылдары Қарқаралыда мұғалім, 1924-1926 жылдары «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер болды. 1926-1929 жылдары Шымкент педтехникумының директоры қызметтерін атқарды.

Аймауытов тұңғыш өлеңдерін Абайға еліктеп жазды. «Көшу» (1918), «Ұран», «Әскер марсельезасы», «Нұр күйі» (1929) т.б. поэзиялық туындылары идеялығымен, эстетикалық бояуларының қанықтығымен, көркемдік шеберлігімен, стилінің жатықтығымен ерекшеленеді.

Проза саласында жемісті еңбек етті. «Қартқожа», «Ақбілек», «Күнікейдің жазығы», «Көшпелі Көжебай», «Елес» т.б. роман, повесть, әңгімелерінде, «Шернияз», «Қанапия-Шарбану», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны» пьесаларында халқының тағдыры, тұрмыс-салты, бостандығы мен теңдігі үшін күресін бейнелеп, әлеуметтік теңсіздікті сынайды. Жазушы еңбекші халық пен интеллигенция өкілдерінің, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына, Қазан революциясы мен азамат соғысына қатысушылардың бейнелерін жасады. Сол жылдардағы қазақ ауылының реалистік көрінісін, дала төсіндегі алғашқы революциялық өзгерістердің мәнін ашып көрсетті. Шығармаларының негізгі тақырыптары: әйел теңдігі, адамгершілік, сондай-ақ әдет-ғұрыпқа, шариғат заңдарына, қазақ және орыс халықтарының достығы мәселелері туралы. Балалар мен жасөспірімдерге арнап «Жаман тымақ», «Шал мен кемпір», «Көк өгіз», «Үш қыз» атты ертегілер жазды.

Аймауытов «Психология», «Жан жүйесімен өнер таңдау» т.б. ғылыми еңбектерінің, көптеген әдеби сын мақалалардың авторы.

